

# HEREFORD

## QAZAQSTAN 2025









# Құрметті Герефорд тұқымының Республикалық палатасының мүшелері!

Герефорд тұқымының Республикалық палатасы Кеңесінің төрағасы атынан және өз атымнан сіздерді біздің журналымыздың беттерінде қарсы алуға қуаныштымын!

Бүгінгі таңда бұл басылым — тек ақпарат тарату құралы ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, білім және идеялармен бөлісетін кәсіби алаңға айналды. Бұл — Герефорд тұқымын өсіруге шын ниетімен берілген, жанкешті еңбек етіп жүрген адамдарды біріктіретін орта.

Сіздердің әрқайсыларыңыз — еліміздегі Герефорд тұқымды ірі қара мал шаруашылығының іргетасын қалаушы маңызды тұлғаларсыз. Осы салаға қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін. Сіздердің еңбектеріңіз — біздің ортақ жетістігіміздің кепілі.

Палатамыз өз қызметінде саланың озық тәжірибелерін енгізу, құқықтар мен мүдделерді қорғау, ғылыми жетістіктерді насихаттау бағытында белсенді әрекет етуде. Біз өзара қолдау мен серіктестікті дамыта отырып, семинарлар мен көрмелер өткізіп, заманауи технологияларды өндіріске енгізу арқылы отандық мал шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге ұмтылып келеміз.

Биыл қазан айында АҚШ-та өтетін Герефорд тұқымының Дүниежүзілік Кеңесінің съезінде Қазақстан атынан өкілдік ету – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл — еліміздің аграрлық әлеуетін халықаралық аренада көрсетуге тамаша мүмкіндік.

## Мүше елдер:

- Американдық герефорд қауымдастығы — Америка Құрама Штаттары
- Asociacion Argentina Criadores de Hereford — Аргентина
- Herefords Australia Ltd. — Австралия
- Associação Brasileira de Hereford e Braford — Бразилия
- Канаданың герефорд қауымдастығы — Канада
- Данияның герефорд ірі қара қоғамы — Дания
- Эстония мал өсірушілер қауымдастығы — Эстония
- Финдік Герефорд тұқымдары қоғамы — Финляндия
- Неміс герефорд қауымдастығы — Германия
- Венгрия герефорд қауымдастығы — Венгрия
- Ирландияның герефорд асыл тұқымдық қоғамы — Ирландия
- Герефорд тұқымының Республикалық палатасы — Қазақстан
- Голландиялық герефорд қоғамы — Нидерланды
- Жаңа Зеландия герефорд қауымдастығы — Жаңа Зеландия
- Норвегиялық герефорд қауымдастығы — Норвегия
- Оңтүстік Африка Герефорд өсірушілер қоғамы — Оңтүстік Африка
- Швецияның герефорд қауымдастығы — Швеция
- IC Swiss Hereford — Швейцария
- Ұлыбритания Герефорд ірі қара мал қоғамы — Ұлыбритания
- Sociedad Criadores de Hereford del Uruguay — Уругвай

Герефорд — бұл жай ғана тұқым емес, бұл — сапа, өнімділік және тұрақтылықтың символы. Біз осы дәстүрлерді сақтап, оларды одан әрі дамытуға ұмтыламыз, өндірістің әр кезеңінде жоғары стандарттарды қамтамасыз етуге күш саламыз.

Қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешен күрделі трансформация кезеңін бастан өткеріп отыр. Ауыл шаруашылығы секторы көптеген жаңа сын-қатерлерге тап болып қана қоймай, сонымен қатар орасан зор мүмкіндіктерге де жол ашуда. Осындай жағдайда саланың заманауи даму үрдістерін, инновациялық шешімдерін және үздік халықаралық тәжірибелерін ескерудің маңызы ерекше.

Құрметті әріптестер, сіздерді Палатаның жұмысына белсенді қатысуға шақырамын. Бір-бірімізбен тәжірибе алмаса отырып, туындаған мәселелерді ашық талқылап, жаңашыл ұсыныстар айту арқылы ортақ мақсатымыз — отандық Герефорд шаруашылығын өркендетуге — бірге қол жеткіземіз.

Сіздерге зор денсаулық жаңа жетістіктер және берекелі еңбек тілеймін!

**Ізгі ниетпен, Б.Ы. Атайбеков**

Герефорд тұқымының Республикалық  
палатасы Кеңесінің төрағасы









- 1 Герефорд тұқымының Республикалық палатасы Кеңесінің төрағасының құттықтау сөзі
- 4 Герефорд палатасы туралы
- 5 Палата Кеңесі
- 6 Біздің ұжым
- 7 Палата мүшелері үшін артықшылықтар
- 8 HEREFORD KAZAKHSTAN
- 10 Қазақстандағы герефорд тұқымының тарихы
- 12 «Genesis.KZ» ЖШС
- 14 2024 жылғы шілде айында Герефорд тұқымы бойынша Дүниежүзілік кеңестің бас хатшысы Ларри Финнидің Қазақстанға іссапары
- 16 «Ақсор» ШҚ
- 18 «Jańa Dala / Green Day 2024» көрмесі
- 20 «Dinara – Ranch» Агрофирмасы ЖШС
- 22 «Интер Агро» ЖШС
- 23 «Cowmas» ЖШС
- 24 Ет сапасының негізгі көрсеткіштері
- 26 «Canadian Western Agribition 2024» көрмесіне іссапар: фермерлермен бірге жаңа көкжиектерге жету
- 28 Герефорд тұқымының дүниежүзілік конференциясы
- 30 «МеталАгро» компаниясы
- 31 «Agrofest Batys 2024» фестивалі
- 32 «Акселеу» ЖШС
- 34 Герефорд тұқымының Республикалық палатасы мүшелерінің орналасқан жерлері
- 36 «Архарлы-Майбуйрек» ЖШС
- 37 «CRI KZ» ЖШС
- 38 «001SUD» ЖШС
- 39 Ет туры АҚШ-қа "RODEO USA BEEF 2025"
- 40 Асыл тұқымды бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша бағалау (сынау)
- 42 «Асыл Көкше Зооветснаб» ЖШС
- 43 Әлемдегі Герефорд тұқымының қауымдастықтары
- 44 Бруцеллез – Қазақстанда үнемі талқыланатын ауру
- 46 Bovigen Genetic Services
- 47 Шөппен қоректенген сиыр еті: дәстүрлі әдіспен өсірілген сиыр еті мен шөппен қоректенген сиыр еті терминологиясын түсіну
- 48 Палатының маркетингтік өнімдері
- 49 Jarvis





# ГЕРЕФОРД ПАЛАТАСЫ ТУРАЛЫ

Герефорд тұқымды ірі қара мал көптеген фермерлер арасында кең танымал және қазіргі уақытта ет бағытындағы тұқымдар арасында әлемдік деңгейде жетекші орын алады. Бүгінде бұл тұқым Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Австралия мен Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка, Ресей, Орталық Азия және Қазақстанда кеңінен таралған.

## Неліктен Герефорд тұқымы Қазақстанда танымал?

Бұл тұқым әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделгіш: суыққа, ыстыққа, қатал ауа райына төзімді. Шаруалар бұл тұқымның ең басты артықшылығы — ауа райына бейімделуі екенін ерекше атап өтеді. Қорада да, ашық аспан астында да ұстауға болады: Герефорд ірі қарасы  $-30^{\circ}\text{C}$  суықта да қиындықсыз өмір сүре алады.

Тағы бір маңызды артықшылығы — бұл тұқым арнайы бордақылау рационынсыз, тек шөппен азықтандырылғанның өзінде салмағын жақсы сақтайды. Дегенмен, негізгі талап — мал тұратын қораның болуы және таза, тұщы суға үнемі қолжетімділік.

Бұл ірі қараны жыл бойы жайылымы мол шаруашылықтарда өсіру ұсынылады. Тіпті өсімдігі аз егістік алқаптарда да олар жақсы салмақ жинай алады. Герефорд тұқымы жұқпалы ауруларға төзімділігімен, ерте жетілгіштігімен және құнарлылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бұл тұқым — мінезі жайлы, момын болуымен де танымал, сондықтан жаңа бастаған шаруалар үшін өте қолайлы.

Бұзаулау кезінде асқынулар сирек кездеседі, мал дәрігерінің араласуын қажет етпейді. Себебі бұзаулардың салмағы шамамен 35 кг-нан аспайды. Сиырлары аналық инстинкті жақсы дамыған.

Герефорд тұқымды бұқалар басқа тұқым сиырларымен жұптастырылғанда да жеңіл бұзаулау байқалады, бұл — тұқым таңдаудағы аса маңызды фактор.

Шаруалар Герефорд етінің жоғары сапасын ерекше атап өтеді — оның құрамында май талшықтары біркелкі таралған, калориясы жоғары әрі мәрмәр құрылымды. Мейрамханаларда бір мәрмәр стейктің бағасы 20 000 теңгеге дейін жетеді.

## Бұл тұқым малдарының салмақ көрсеткіштері қандай?

Қазіргі уақытта Герефорд ірі қарасының шоқтығының биіктігі 120–130 см-ді құрайды. Асыл тұқымды бұқалардың салмағы 1400 кг және одан да жоғары болуы мүмкін. 8–15 айлық бұқашықтар тәулігіне орта есеппен 1,1–1,2 кг салмақ қосады, нәтижесінде 18–20 айлығында 230–280 кг-ға дейін жетеді.

Сойыс шығымы орта есеппен 60%, кей жағдайларда — 70% және одан жоғары. Алғашқы бұзаулаудан кейін сиырлардың салмағы шамамен 440 кг, үшінші бұзаулаудан кейін — 500 кг-нан асады. Сүт өнімділігі 190–205 кг аралығында.

Жынысына байланысты бұзаулардың салмағы 27–33 кг шамасында болады және олар ешқандай көмексіз дүниеге келеді.

## Қорытынды

Герефорд тұқымы — ет бағытындағы ең тиімді ірі қараның бірі. Қарапайым күтімді қажет етеді, арнайы бордақылау немесе қымбат жем талап етпейді. Жоғары сапалы ет әрдайым сұранысқа ие және бұл тұқымнан алынатын өнім шығынды ақтап қана қоймай, тұрақты табыс көзі бола алады.

Ірі қара тұқымын дұрыс таңдау шаруашылықтың табыстылығына тікелей әсер етеді. Ет өнімділігі жоғары, күтімі жеңіл және сапалы мал өсіргісі келетін фермерлер үшін Герефорд — өте тиімді шешім. Бұл тұқым бордақылауға да, тірідей сатуға да, союға да жарамды әрі ет құрамындағы май үлесі төмен, бұл заманауи нарықта жоғары бағаға ие болуға мүмкіндік береді.






# ПАЛАТА КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ




**Атайбеков Бақыт Ынтыкбайұлы**

— Палата Кеңесінің төрағасы,  
«Dinara-Ranch» Агрофирма ЖШС-нің  
Құрылтайшысы.  
Алматы, Жетісу, Қызылорда  
облыстарының өкілі.




**Жұмашев Нұртай Сапиұлы**

— Палата кеңесінің мүшесі,  
«Болашақ» ШҚ-ның Құрылтайшысы;  
Ақтөбе, Батыс Қазақстан  
облыстарының өкілі.




**Малаев Серик Татыбайұлы**

— Палата кеңесінің мүшесі,  
«Акселеу» ЖШС –нің директоры;  
Қостанай, Солтүстік Қазақстан  
облыстарының өкілі.



**Мусханов Жамул Вахитович**

— Палата кеңесінің мүшесі,  
«Сандықтау» ЖШС –нің директоры;  
Ақмола, Ұлытау, Қарағанды  
облыстарының өкілі.



**Сулейменов Серик Толеугазинвич**

— Палата кеңесінің мүшесі,  
«Болат» ШҚ-ның басшысы;  
Абай, Павлодар, Шығыс Қазақстан  
облыстарының өкілі.





# ПАЛАТА ҰЖЫМЫ



**Идрисова Ляззат Балтабайқызы**  
Директор  
ilb@hereford.kz  
+ 7 771 755 55 37



**Тельбаев Сакен Салиевич**  
Палата кеңесшісі  
telbaev@mail.ru



**Жубатырова Шынар Батырбекқызы**  
Менеджер  
isb@hereford.kz  
+ 7 771 755 55 32



**Темирханова Эльмира Муратқызы**  
Бухгалтер  
fin@hereford.kz  
+ 7 701 271 52 88



**Нағашбек Ықылас Дарынұлы**  
Менеджер  
nyd@hereford.kz  
+7 771 532 22 00





# ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІ ҮШІН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР:

- 🐄 Төмендетілген тарифтер
- 🐄 Консалтингтік сүйемелдеу
- 🐄 Палата мүшелеріне арналған жабық чат
- 🐄 Жыл сайынғы есеп беру жиналысында палата мүшелерінің кездесуі
- 🐄 Ауыл шаруашылығы көрмелеріне қатысу
- 🐄 Герефорд тұқымды ІҚМ-ын сатуға қолдау көрсету, ай сайынғы сату жоспарын шығару
- 🐄 Бірлескен шетелдік турлар
- 🐄 Hereford Qazaqstan журналына жыл сайынғы қол жетімділік
- 🐄 Оқыту семинарлары мен курстарын өткізу

## Палатаның сайты



Ақпаратты көру үшін  
QR- кодын сканерлеңіз



**136 Палата  
мүшелерінің саны**



**139 354  
Палатада ІҚМ  
тіркелген саны**



**87 549 ІҚМ-ға  
берілген куәлтер  
саны**



# HERE QAZAQ





# FORD QSTAN





# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

## Тұқымның шығу тегі

Герефорд тұқымды ірі қара мал алғаш рет XVIII ғасырда Англияның батысындағы Херефордшир графтығында пайда болды. Жергілікті фермерлердің басты мақсаты – жайылымы жұтаң, табиғи жағдайы күрделі аймақтарда төзімділік танытып, сапалы ет беретін ірі қара өсіру болатын. Бұл мақсатқа жету үшін ежелгі ағылшынның етті және жүк тартатын тұқымдары негізге алынды. XIX ғасырдың ортасына қарай герефорд тұқымы Ұлыбританияда жетекші тұқымдардың біріне айналып, кейін АҚШ, Австралия және басқа да елдерге кең көлемде экспорттала бастады. 1878 жылы Герефорд тұқымның Дүниежүзілік одағы құрылды, оның құрамына әлемнің барлық елдерінің өкілдері кіреді.

## КСРО мен Қазақстанға әкелінуі

Герефордтар Кеңес Одағына алғаш рет 1928 жылы Англия мен Уругвайдан әкелінді. Бұл тұқым тез бейімделіп, етті өнімділігі мен түрлі климаттық жағдайларға бейімділігі бойынша жоғары нәтиже көрсетті.

Қазақстанға герефордтар 1930 жылдары әкеле басталды. Сол кезеңде Қазақстан Кеңес Одағының негізгі етті мал шаруашылығы орталықтарының бірі ретінде қарқынды дамып келе жатқан еді. Далалы кеңістіктер, кең жайылымдар мен қатаң климат жағдайына төзімді мал қажет болды — бұл талаптарға герефорд тұқымы толық сәйкес келді.

## Жергілікті тұқымдарды жақсарту жұмыстары


1938 жылдан бастап Қазақстанда ауқымды селекциялық жұмыс басталды. Герефордтар қазақтың және қалмақтың жергілікті ірі қарасымен будандастырылды. Негізгі мақсат — герефордтардың етті қасиеттерін жергілікті малдың төзімділігімен ұштастырып, жаңа тұқым алу еді.

Бұл селекциялық жұмыстың нәтижесінде 1950 жылы ресми түрде танылған қазақтың ақбас тұқымы пайда болды. Бұл табыс үшін қазақстандық ғалымдар мен мал өсірушілер тобы жоғары мемлекеттік марапаттарға, соның ішінде Сталин сыйлығына ие болды.

## 2010-2025 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ИМПОРТТАЛҒАН ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМДЫ ІҚМ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР КАРТАСЫ

### 2012-2025 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ГЕРЕФОРД АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ІРІ ҚАРА МАЛ ШЕТЕЛДЕН ИМПОРТТАЛУЫ БОЙЫНША МӘЛІМЕТ.

| Елдер                 | Саны  |
|-----------------------|-------|
| Ресей                 | 14101 |
| Австралия             | 5074  |
| АҚШ                   | 4505  |
| Канада                | 3129  |
| Ирландия Республикасы | 1252  |
| Беларусь Республикасы | 896   |
| Дания                 | 517   |
| Эстония               | 433   |
| Литва Республикасы    | 220   |
| Чех Республикасы      | 136   |
| Латвия                | 112   |
| Германия              | 51    |
| Польша                | 39    |
| Венгрия               | 26    |






### Қазіргі жағдай

2000 жылдардың басында герефорд тұқымы Қазақстандағы етті ірі қара шаруашылығының негізгі тұқымдарының біріне айналды. 2010 жылдан бастап елге Канада, АҚШ және Австралиядан герефорд бұқалары мен сиырлары қайта импорттала бастады. Бұл шара ірі қара малдарының генофондын жақсартуға және ет өнімділігін арттыруға мақсатында жүзеге асырылды. Бұл үрдіс елімізде заманауи селекция бағдарламаларын дамытуға серпін беріп, халықаралық технологияларды қолдана отырып Герефорд тұқымды ірі қара малын ұлғайтуға мүмкіндік берді. 2011 жылы Герефорд Қазақстан қауымдастығы құрылды. Оның негізін қалаушы Атайбеков Бақыт Ынтықбайұлы - палата Кеңесінің төрағасы. 2012 жылы қауымдастықтың аты Герефорд тұқымының Республикалық палатасы болып өзгертілді. Сол жылы, 30 наурызда, Герефорд тұқымының Республикалық палатасы Дүниежүзілік Герефорд Одағына мүше болып кірді.



Суретте: Хопфил 4 есімді герефорд тұқымды бұқа – Кеңес Одағына Англиядан алғашқылардың бірі болып әкелінген тұқымдық өндірушілердің бірі. Бұл бұқа бұрынғы Қазақ КСР-нің Батыс Қазақстан облысында орналасқан «Анкатинское» асыл тұқымды шаруашылығында пайдаланылған.





📍 «Genesis.KZ» ЖШС  
010000 Астана қаласы,  
Қорғалжын тасжолы 13/5  
Байланыс деректері:  
Жанар Шахманова  
☎ Моб: 8(702)-777-48-98

«Асыл тұқымды мәртебесін беру ережесі бойынша (\*) асыл тұқымды малға (бұзауға) бірінші санатты беру үшін әкесі бойынша шығу тегінің растығын анықтайтын генетикалық сараптамадан өтуі қажет.

#### ЗАҢДЫ СІЛТЕМЕЛЕР:

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі 13 Заңы, баптың 26 тармақшасы.

«Асыл тұқымды өнімге (материалға) мәртебе беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 11.12.2015 жылғы 3-3/1084 бұйрығы.



# «GENESIS.KZ» ЖШС

Қазақстан Республикасында Ауыл шаруашылығы министрлігіне үлкен мемлекеттік міндет қойылды: етті бағыттағы ірі қара мал басын көбейту және өнімділігі жоғары мамандандырылған етті, асыл тұқымды бұқаларды қолдану арқылы қолда бар мал басының өнімділігін арттыру. Осыған байланысты Қазақстан Республикасына шетелдік селекциялық малды әкелу жүзеге асырылады. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге көп көңіл бөлінеді.

Селекционерлердің міндеттерінің бірі: жоғары өнімді өндірушілерден алынған тегі расталған аталықтарды пайдалану.

Бұл мәселе бұқашықтардың әкесі бойынша генетикалық растауының көмегімен тиімді шешіледі.



# ГЕНОТИПТЕУ ДЕГЕНІМІЗ - ЖАНУАРЛАРДЫҢ ДНҚ-СЫН ЗЕРТТЕУ.

## ГЕНОТИПТЕУДІҢ МАҚСАТЫ - БЕЛГІЛІ БІР АТА-АНАДАН ШЫҚҚАНЫН РАСТАУ.

### Генотиптеу қалай жүргізіледі:



1. Шаруашылық түкті баданалары (тамырлары) бар жануарлар шашының сынамаларын жібереді (\*).



2. ДНҚ шаш фолликулаларынан бөлініп, содан кейін STR-генотиптеу (\*\*) әдісі бойынша зертханалық зерттеледі.



3. АТЖ базасына генотиптерді енгізу (ақпараттық-талдамалық жүйе).



4. Шығу тегін растау үшін ықтимал әкелердің (тұқымдық бұқалардың) генотиптерін салыстыру.



5. Нақты әкелер мен аналарды көрсете отырып, генетикалық сертификаттарды ресімдеу\*\*\* (қажет болған жағдайда).

\* Әкесі арқылы шығу тегін растау үшін бұқашықтардан және ықтимал әкелерден (тұқымдық бұқалардан) шаш үлгілері қажет. Егер осы тұқымдық бұқалар бұрын генотиптелген болса, биологиялық материалды тек бұқашықтардан және ИНЖ нөмірлерін ұсыну қажет. Барлық генотиптер АТЖ базасына енгізіледі және сақталады.

\*\* Бұл әдісті жануарлар генетикасы халықаралық қоғамы ұсынған және Қазақстанда Палаталар мен АШМ-нің бірлескен шешімімен пайдалануға ұсынылған.

\*\*\* Генетикалық сертификат "Генпаспорт" деп те аталады (екеуі де бір құжат).

### Артықшылықтары

Әкесінен шыққан тегі туралы сенімді ақпараты бар тұқымдық бұқаларды пайдалану жоғары өнімді өндірушілерден алынған бұқашықтарды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл артықшылықтар белгілі бір шаруашылық-пайдалы белгілерді селекциялау бағытында, жаңа желілер, туыстық топтарды шығару, ұрпақтардың өнімділігін арттыру, азық бағасын төмендету және өндірудің соңғы кезеңінде еттің өзіндік құнын төмендету бағытында мақсатты селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

"Genesis.KZ" ЖШС білікті кадрлары бар, генотиптеу қызметін көрсету үшін импорттық реактивтер мен материалдарды және ең заманауи құрал-жабдықтарды пайдаланады.

### "Genesis.KZ" ЖШС –не халықаралық сапа сертификаты берілген.

"Genesis.KZ" ЖШС генетикалық зерттеулер сапасының халықаралық салыстырмалы сынақтарынан сәтті өтті. Мұндай сынақтарды (кольцевые тесты) халықаралық жануарлар генетикасы қоғамы жүргізеді. "Genesis.KZ" ЖШС ең жоғары ықтимал бағасы бар халықаралық сапа сертификатын алды: генотиптерді анықтау дәлдігі 100% және жануарлардың туыстығын анықтау бойынша міндеттерді толық дұрыс шешуде.





## 2024 ЖЫЛҒЫ ШІЛДЕ АЙЫНДА ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫ БОЙЫНША ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КЕҢЕСІНІҢ БАС ХАТШЫСЫ ЛАРРИ ФИННИДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ІССАПАРЫ



**Ларри Финни**

Геререфорд тұқымы бойынша Дүниежүзілік кеңесінің бас хатшысы

2024 жылдың сәуір айында мен Қазақстанға келуге жылы шырайлы шақыру алдым. Бұл – мен үшін бұрын тек Геререфорд тұқымы бойынша Еуропада және басқа елдерде өткен конференцияларда Қазақстанның Геререфорд тұқымы бойынша Республикалық палатасының өкілдерімен кездесулер арқылы таныс болған ел. Бұған қоса, Ирландиядағы Геререфорд тұқымы қауымдастығының бас хатшысы ретінде, Ирландияға геререфорд тұқымды ірі қараны сатып алу мақсатында келген қазақстандық делегациялармен бірнеше рет кездестім. Кейінірек, негізінен ұрғашы малдарды – геререфорд тұқымды қашарларды Қазақстанға экспорттау ісіне белсенді араластым. Бұл іссапар маған сапалы іріктелген осы жануарлардың жаңа ортада қалай бейімделіп, Қазақстандағы геререфорд тұқымының дамуына қандай үлес қосып жатқанын өз көзіммен көруге мүмкіндік берді.

Астанаға ұйқысыз түнгі ұшудан кейін «Air Astana» әуе компаниясының керемет қызметімен жеткен соң, мен Шотландиядан келген Уильям Макларен мен Роберт Гилкристпен танысып, бірден қала ортасындағы «Radisson Hotel Astana» қонақүйіне жеткізілдім. Конференция дәл сол жерде өтіп жатқан. Қонақүйге келгеннен бес минут өткен соң мен Ирландиядағы Геререфорд тұқымы қауымдастығы (Irish Hereford Breed Society) және шамамен жиырма жыл бұрын геререфорд сиыр етін сертификациялап, тарату үшін құрылған Irish Hereford Prime компаниясы туралы баяндама жасадым. Кейін Шотландиядағы Абердин-Ангус тұқымы қауымдастығының бас директоры Роберт Гилкрист сөз сөйледі, қысқа таңғы астан кейін біз «Jańa Dala» шарасына жеткізілдік. Астана қаласынан сәл қашықтықта орналасқан сол күні қатты жаңбыр жауып, топырақ балшыққа айналып, қозғалыс қиындалды. Геререфорд тұқымын бағалау басалды. Мал көрсетілетін алаң кәсіби түрде ұйымдастырылған — кең ринг қарастырылған. Қазылар алқасының құрамында мен, Уильям Макларен



(Шотландия) және Франк Грейвс (АҚШ) болдық. Франкты бұрын білмейтінмін, өзі өзін би жаттықтырушысы, жазушы және кокос қауіпсіздігі бойынша инженер деп сипаттады. Қазылар пікірі жеңімпаздарды анықтау кезінде бірлесіп шешім шығардық. Геререфорд тұқымды жануарлардың сапасы мен көрінісі өте жоғары деңгейде болды, бұл қазақстандық мал өсірушілердің өз ісіне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті.



Жеңімпаз — «Стильный» есімді геререфорд бұқасы — жасына сай, мықты, жақсы жетілген, тамаша дене құрылымы бар және геререфорд тұқымына тән белгілері айқын. Алайда, көрме форматы маған үйреншікті Ирландия үлгісінен ерекшеленді — мұнда жануарлар жеке-жеке көрсетілді, ал басқа елдерде әдетте жастары бірдей топпен шығарылады, бұл салыстыруды жеңілдетеді. Шара барысында Еуропа мен Қытайда өндірілген ауыл шаруашылық техникасы, тракторлар, жол талғамайтын көліктер мен жеңіл көліктердің көрмесі, сондай-ақ заманауи технологиялар жөнінде дәрістер мен семинарлар өтті. Жалпы шара Ирландияда қыркүйекте өтетін Ұлттық жер жырту чемпионатына ұқсас болды. Көптеген тағамдар далада дайындалып, бұл көшпенді халықтың дәстүрлі өмір салтын көрсетті.

Келесі күні мен бұрын таныс болмаған ақбас тұқымды малдарды бағалауға қатыстым. Бұл тұқым — Кеңес дәуірінде Қазақстанға әкелінген геререфордтардың жергілікті малмен будандасуынан шыққан. Сырттай олар геререфордтарға ұқсас болғанымен, олардың нақты өнімділік, ет сапасы және мінезі жөнінде көп мәліметім болмады. Мен «Стильный» есімді геререфорд бұқасына басты жүлде беруге әріптестерімді көндіре алмадым — ол екінші орынға ие болды.

Кейін біз Алматыға, яғни 1997 жылға дейінгі ел астанасына жол тарттық. Мұнда мен Геререфорд палатасының Төрағасының шақыруымен, Бақыт Ынтықбаевич Атайбековке тиесілі «DINARA-RANCH Агрофирма» ЖШС ірі шаруашылығына бардым. Қазақстан жерлерінің шынайы ауқымы маған алғашқы мал табынына жеткенде түсінікті болды. Бұл ел — әлем бойынша көлемі жөнінен тоғызыншы орында және оның аумағы Ирландиядан 39 есе үлкен. Алдымдағы кең дала мен ауыл шаруашылығының қуаты шын мәнінде таң қалдырды.





Бір табында 400 герефорд сиыры болды, оларға жалғыз шопан атпен қарап жүрді. Жайылым аумақтары қоршалмаған – мал қажетіне қарай еркін қозғалды. Фермада 10 бұқа кезектесіп пайдаланылады. Бұл жерде Герефорд тұқымды ірі қараның 25 табыны, сондай-ақ осындай мөлшерде ангус тұқымды табындар болған. Айтабеков Бақыт Ытықбайұлының байқауынша, ірі қарадан бөлек, шамамен 800-ге жуық жылқы табыны ұсталады. Бұл жануарлар қазақ мәдениетіндегі маңызды рөлін айқын көрсетеді.

Алғашқы герефорд тұқымды ірі қара малдарың 2008 жылы Техас штатынан Қазақстанға «DINARA-RANCH Агрофирма» ЖШС әкелінген. Бұған дейін америкалық мамандар жергілікті азықты зерттеп, оның ақуыз құрамының жоғары екенін растаған. Қыс кезінде температура  $-40^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейтіндіктен, мал қораларға қамалады. Су табиғи бұлақтан алынады, оның сапасын жылқының ішуі арқылы анықтайды — ішпесе, су лас деген сөз. Біз сондай-ақ 6000 голштейн-фриз сиыры бар ірі сүт фермасына бардық. Мұнда Ирландияның Керри графтығында өндірілген DairyMaster технологиясы қолданылады.

Алматыда, Тянь-Шань тауының етегінде әсем қала Алматы жатыр, мен бұл күнді осы қалада тыныш сергек күн өткізуге мүмкіндік алдым. Біз «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортына аспалы көлікпен көтерілдік, Биіктігі – теңіз деңгейінен 3200 метр жоғары. Өкінішке қарай, қалың тұман керемет көріністерді жасырып тұрды, дегенмен іссапардан алған әсерім өте жарқын болды.

Солтүстік Қазақстан облысына жасаған сапарым да ерекше есте қалды. Біз Герефорд тұқымының

Республиканың палатасының директоры Ляззат Идрисовамен бірге Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстарының түйіскен жеріндегі «Акселеу» ЖШС ауыл шаруашылығы кәсіпорнына бардық. Шаруашылық облыс орталығынан 400 км, аудан орталығынан 150 км қашықтықта орналасқан. Осындай шалғайда орналасқанына қарамастан, бұл кәсіпорын өте жақсы ұйымдастырылған және қарқынды дамып келе жатқан агрокешен әсерін қалдырды. Мұнда мал шаруашылығына кешенді, заманауи технологияларды белсенді енгізу арқылы жануарлардың өнімділігі мен жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыс көрініп тұр.

Менің қызыққа бай бағдарламаның соңында — Батыс Қазақстан облысының іссапар кезінде. «Батыс Агрофест» аграрлық көрмесіне қатыстым, онда герефорд бұқаларын бағалау мәртебесі тағы маған бұйырды.

Көрме жеңімпазы — «Болашақ» ШҚ-ның «Фортуна» есімді бұқасы — чемпион атағына ие болды. «Jaňa Dala / Green Day 2024» көрмесімен салыстырғанда бұл жерде герефорд тұқымының саны аз болғанымен, сапасы жоғары деңгейде болды. Бұл тұқым елімізде жүйелі селекциялық жұмысты бастауға жеткілікті деңгейде дамып келе жатыр.



Мен Лаззат Идрисова сапарды мінсіз ұйымдастырғаны, әр кезеңде көрсеткен қолдауы, жылы қарсы алуы және Қазақстанның аграрлық мәдениетімен терең танысуға мүмкіндік бергені үшін алғысымды білдіремін. Мені осы ғажайып елдің кез келген бұрышында сезілетін шынайы қонақжайлылық, дәстүрлерді құрметтеу, берік отбасылық құндылықтар және терең ұлттық мақтаныш сезім таң қалдырды!





# «АҚСОР» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ



**Махаева Айгуль Зейнулловна**  
«Ақсор» ШҚ басшысы

## Шаруашылықтың орналасқан жері

Шаруа қожалығының аумағы Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Шақат ауылдық округіне қарасты «Ақсор» жайылымында орналасқан.

## Жұмысшылар туралы

Шаруашылықта 7 тұрақты жұмысшы еңбек етеді, ал маусымдық жұмыстарға қосымша тракторист-механизаторлар тартылады. Жұмысшыларға еңбек ету және тұру үшін жайлы жағдайлар жасалған.

## Шаруашылықтың құрылу тарихы

Павлодар облысы етті ірі қара мал шаруашылығын дамыту үшін қолайлы табиғи-климаттық жағдайларға ие. Кең жайылымдар, бірқалыпты континентальды климат және су ресурстарының болуы етті бағыттағы ірі қара малды өсіруге арналған табиғи алқаптарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Шаруашылық герефорд тұқымды асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту жобасын 2016 жылы іске асыра бастады. Аграрлық секторды дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың арқасында 284 бас асыл тұқымды герефорд ірі қара малы сатып алынды.

Қазіргі уақытта шаруашылықтағы ірі қара малдың жалпы саны шамамен 600 басты құрайды. Барлық қызмет асыл тұқымдық қасиеттерді сақтау мен жақсартуға, өнімділікті арттыруға, генетиканы жақсартуға және малды күтіп-бағудың әрі азықтандырудың заманауи технологияларын енгізуге бағытталған.

Малды жайылымдық жағдайда толықтай азықпен қамтамасыз ету үшін кәсіпорынға жайылымдар мен шабындықтарды қоса алғанда, 2300 гектар ауыл шаруашылығы жері пайдалануға берілген.


Герефорд тұқымы өңір жағдайында өзінің тиімділігін дәлелдеді: бұл тұқым төзімділігімен, қарапайым күтімімен, жоғары ет өнімділігімен және алынатын өнімнің сапасымен ерекшеленеді. Шаруашылық алдағы уақытта да асыл тұқымдық жұмысты дамытып, инфрақұрылымды жетілдіруді жоспарлап отыр.

## ІҚМ шыққан елі:

ІҚМ Қазақстанда сатып алынған, ал оның арғы тегі Канадалық генетика.

## Жер көлемі (жайылым), га

2300 гектар ауыл шаруашылығы жері берілді.





**Инфрақұрылым сипаттамасы**

Мал ұстауға қолайлы жағдай жасау үшін кең мал қора-жайлар мен серуендетуге арналған алаңдары бар мал шаруашылығы базалары салынған. Шаруашылықта мал азығын сақтауға арналған қоймалар, малшыларға арналған тұрғын үйлер бар. Барлық қажетті ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етілген.

Ветеринариялық бақылау жүйелі түрде жүргізіледі, «Герефорд» тұқымының Республикалық палатасы мамандарынан консалтингтік қолдау тұрақты түрде көрсетіледі.

**Азықтың сипаттамасы**

Қысқы кезеңге арнап жусан шөбі мен шабындықтан алынған алуан түрлі шөптер дайындалады. Сондай-ақ арпа, бидай, сұлы, жүгері сияқты дәнді азықтар, минералдық қоспалар және малдың таза ауыз суға тұрақты қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

**Герефордтардың жалпы бас саны (жыныстық жас топтары бойынша)**

Қазіргі таңда шаруашылықтағы асыл тұқымды мал басы 317 басқа жетті.

**Неге Герефорд?**

Герефорд тұқымы – ең танымал әрі сұранысқа ие ет бағытындағы ірі қара мал тұқымдарының бірі. Бұл тұқымды таңдаудың бірнеше себебі бар: жоғары сапалы ет өнімі, түрлі табиғи жағдайларға жақсы бейімделу қабілеті, жоғары өнімділік, мықты денсаулық пен төзімділік, сабырлы мінез, жақсы көбею көрсеткіштері және тиімділігі.

Өсу қарқынының жоғары болуы мен ет сапасының жоғары деңгейі герефорд тұқымын экономикалық жағынан тиімді етеді, бұл өз кезегінде тұрақты табыс әкелуге мүмкіндік береді.

**Болашаққа жоспар**

Асыл тұқымды жұмысты жалғастыру, жануарлардың генетикалық және өнімділік қасиеттерін арттыру.



Телефон; +7 702 802 5892,  
Электрондық пошта: a.mahaeva@mail.ru,  
Мекенжайы: Павлодар облысы, Павлодар ауданы,  
Шақат ауылдық округі



# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ "JAŇA DALA / GREEN DAY 2024" ДАЛА КҮНІ



"Jaňa Dala / Green Day 2024" — бұл Қазақстандағы жыл сайын өтетін ең ірі халықаралық агрокөрме-демонстрация. Дала күні форматында ұйымдастырылатын бұл іс-шара агроөнеркәсіптік кешендегі жаңа технологиялар мен заманауи шешімдерді талқылауға арналған маңызды платформа болып табылады. Көрме Ақмола облысы Ақкөл ауданында орналасқан «Еңбек» ЖШС-нің демонстрациялық алаңында өтті.



Іс-шараға Қазақстаннан және алыс-жақын шетелдерден келген 200-ден астам компания қатысты. Көрмеде Қазақстан мен әлемдік ауыл шаруашылығы саласындағы ең озық әрі перспективалы әзірлемелер ұсынылды. Қонақтар мен қатысушылар қатарында Ақмола облысының әкімі, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі, ҚР Туризм және спорт министрі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті, АҚШ, Франция және Германия елшілері, сондай-ақ Ресей Федерациясы өкілдігі мен түрлі өңірлер мен аудандардың әкімдіктері делегациялары болды.

Көрменің алғашқы күнінде "Jaňa Dala / Green Day 2024" халықаралық ауыл шаруашылығы көрмесі аясында ең көп күткен сайыстардың бірі – ет бағытындағы асыл тұқымды бұқалар арасында "Ұлттық байқау – Үздік бұқа" атағы үшін жарыс өтті. Бұл іс-шара Қазақстаннан ғана емес, шет елдерден келген фермерлер, селекционерлер және агроөнеркәсіп кешенінің өкілдерінің назарын аударды, себебі мұндай деңгейдегі байқаулар етті ірі қара мал өсірудің үздік генетикалық желілерін анықтауға мүмкіндік береді.



Сайысқа әртүрлі ет бағытындағы асыл тұқымды бұқалар қатысты, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Көрмеде Герефорд, Ангус, Ақбас, Әулиекөл және Калмақ тұқымдары қатысты. Іс-шараның маңыздылығын арттырған сәт – халықаралық сарапшылардың қазылық етуі. Қазылар алқасының басты өкілдерінің бірі – Герефорд тұқымы бойынша Дүниежүзілік кеңестің Бас хатшысы Ларри Финни болды. Сонымен қатар АҚШ пен Шотландиядан келген танымал сарапшылар Франк Грейвс пен Уильям Макларен де төрелік етті.

Герефорд тұқымы палатасының белсенді мүшелері, өздерінің үздік бұқаларын алып келген: «Акселеу» ЖШС, «Свободное» ЖШС, «Қорық» шаруа қожалығы және «Олжа Агро» ЖШС. Байқауға екі жас санатындағы бұқалар қатысты: 12–18 ай және 18–26 ай аралығы.



12–18 айлық санатта «Олжа Агро» ЖШС-не тиесілі «Стильный» есімді бұқа жеңімпаз атанды. Бұл бұқа ерекше тұқымдық қасиеттері, мінсіз дене бітімі және тамаша өсу, даму көрсеткіштерімен көзге түсті. Сарапшылар комиссиясы «Стильный» бұқасының генетикалық әлеуетін жоғары бағалап, оны өз санатында чемпион деп таныды.

18–26 айлық санатта «Свободное» ЖШС-не тиесілі «Антифонт» есімді бұқа үздік деп танылды. 2022 жылғы 12 қарашада туған бұл бұқа тамаша физикалық қасиеттерімен, үйлесімді дене құрылымымен және жоғары өнімділік сапаларымен ерекшеленді.

Айта кетерлігі, «Стильный» бұқасы Герефорд тұқымының барлық қатысушы бұқалары арасындағы байқауда жеңіске жетіп қана қоймай, сонымен қатар ет бағытындағы ірі қара мал арасындағы Ұлттық байқауда екінші орынды иеленді.

"Jaňa Dala / Green Day 2024" аясындағы "Үздік бұқа" және "Ұлттық байқау" 2-орынды иеленген — «Олжа Агро» ЖШС-нің атынан қатысқан "Стильный" есімді бұқа, сондай-ақ Герефорд тұқымы бойынша жеңімпаз атанды.

Жеңімпаздарға демеушілер атынан бағалы сыйлықтар табысталды. «Jarvis Products Eurasia» компаниясы жеңімпазды 1400 Вт қуаты және 8,5 кг салмағы бар SER-04 үлгісіндегі сүйек аралайтын құралмен марапаттады. Бұл жабдық АҚШ-та жасалған. Сонымен қатар «Sinotech Group» және «AI Total Kazakhstan» компаниялары Қытайда жасалған «LEKEN» брендінің гидравликалық аударылатын соқасын сыйға тартты.



**HEREFORD**  
QAZAQSTAN

**Жубатырова Шынар**

Герефорд тұқымының  
Республикалық  
палатасының менеджері







**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
КӨРМЕ-ДЕМОНСТРАЦИЯ**  
«Қазақстан Дала күні  
«Jańa Dala / Green Day '2025»



**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
КӨРМЕ-ДЕМОНСТРАЦИЯ**  
«Қазақстан Дала күні  
«Jańa Dala / Qarqyn '2025»

**20|17 шілде  
25|18 шілде**



**20|31 шілде  
25|1 тамыз**

# GREEN DAY JAŇA DALA

Qazaqstandyq Dala Kúni



Instagram: [jana\\_dala\\_greenday](#)  
YouTube: [dnevnik\\_jana\\_dala\\_greenday](#)

Организатор



Министрлік

**"Ақтық" Агрофирмасы" АҚ демонстрациялық алқаптары,  
Нүресіл ауылы, Целиноград ауданы,  
Ақмола облысы (Астана қаласынан 20 км.)**

**"Восток-1" ЖШС және "Агрофирма Қарқын" ЖШС  
демонстрациялық алқаптары, Степановка ауылы,  
Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы  
(Қостанай қаласынан 65 км.)**

Бас демеуші

**ROSTSELMASH**



Технологиялық демеуші  
**AMAZONE**

Jańa Dala / Green Day '2025»  
ет бағытындағы асыл туыснды IQM арасындағы  
"Үздік Бұра" ұлттық байқауының Бас демеушісі

Шатырлар  
демеушісі



Ветеринарлар съезінің  
Бас демеушісі




"Тиймді гектар"  
Байқауының демеушісі

"Тиймді гектар"  
Байқауының серіктесі

Инфрақұрылымдық  
демеуші

Фирмалық  
сөмкелерді  
ұсынушы серіктес



KazAgrExpert



Бас демеуші



Тіркеу демеушісі

**ROSTSELMASH**

Демеушісі




Технологиялық демеуші



Шатырлар демеушісі



Электр қоршауларының  
ресми жеткізушісі







# «DINARA-RANCH» АГРОФИРМАСЫ ЖШС



«Dinara-Ranch» агрофирмасы ЖШС (Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы) 2008 жылғы 19 наурызда құрылып, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірінде ет бағытындағы жоғары өнімді асыл тұқымды ірі қара малдың (Герефорд және Абердин-Ангус тұқымдары) өсімін молайту бойынша ірі репродуктор шаруашылықтардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта шаруашылықтағы бұл тұқымдардағы ІҚМ-ның жалпы саны 5 000 бастан асады.

2008 жылғы маусымда «Dinara-Ranch» агрофирмасы ЖШС сол уақыттағы импорттық ІҚМ сатып алуға шығындарды субсидиялау бағдарламасы болмаған жағдайда, толықтай өз қаражаты есебінен Қазақстанның тәуелсіз тарихындағы алғашқы Герефорд тұқымды ІҚМ партиясын АҚШ-тан (Техас штаты) – 253 бас (12 бұқа, 126 сиыр және 115 бұзау) көлемінде жеткізуді жүзеге асырды. Жеткізілген малдың барлығы бейімделу кезеңінен сәтті өтті. Алынған төл асыл тұқымды ІҚМ-ға қойылатын барлық талаптарға сай келеді.



2010 жылдың желтоқсан айының соңында «ҚазАгроӨнім» АҚ-ның еншілес ұйымы «KazMeat» ЖШС жүзеге асырған лизингтік бағдарлама аясында Канададан (Манитоба провинциясындағы Xports International Inc. компаниясынан) арнайы рейстермен 400 бас Герефорд тұқымды ІҚМ – 370 бас қашар мен 30 бұқа әкелінді. Бұл партия шаруашылықта осы құнды тұқымның таза тұқымды аналық табындарын қалыптастыру және өнеркәсіптік будандастыру мақсатында жеткізілді. Герефорд тұқымы жоғары өнімділік қасиеттерімен ерекшеленеді және Қазақстанда өсірілетін өзге де ет бағытындағы тұқымдармен, атап айтқанда Қазақтың ақбас сиырымен (Ақбас) тиімді будандасады.

Шаруашылық мамандары ғалымдармен бірлесе отырып, тұрақты түрде жоспарлы селекциялық-асылдандыру жұмысын жүргізіп отырады. Кәсіпорын заманауи техникамен және жабдықтармен қамтамасыз етілген 10 000-нан астам ІҚМ-ды бір мезгілде ұстауға арналған мал шаруашылығы кешеніне, көктем-күз мезгілінде жайылым үшін кең жайылымдық алқаптарға және қысқы кезеңге жеткілікті жем-шөппен қамтамасыз ету үшін суармалы жерлерге ие.

2015 жылғы қарашада «Dinara-Ranch» агрофирмасы ЖШС «ҚазАгроҚаржы» АҚ жүзеге асыратын лизинг түріндегі қаржылық құралды пайдалана отырып, 942 бас Абердин-Ангус тұқымды ІҚМ және 376 бас Герефорд тұқымды сиыр сатып алды.

«ІҚМ өсіру – ет өндіру және өңдеу – дайын өнімді сату» толық жабық өндірістік циклін құру мақсатында, 2009 жылы кәсіпорын аумағында ауысымына 20 ІҚМ және 50 ұсақ мал басын сою қуаттылығына ие сою цехы салынды. Бұл цех қазіргі таңда Балқаш ауданындағы мамандандырылған ет комбинаты болып табылады.



Халықты сапалы, экологиялық таза ет және жеміс-көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласында кәсіпорынның жеке дүкені ашылды.







ҚР-да ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін дамыту жобасын іске асыру аясында 2015 жылдың ортасында шаруашылықта 10 000 бұқашақты бір мезгілде бордақылауға арналған бордақылау алаңы салынды. Жыл сайын шаруашылық шамамен 1 100 тонна сиыр етін өндіреді.

2019 жылғы сәуірде АҚШ-тан 2 050 бас ІҚМ жеткізілді, оның ішінде:

- Герефорд тұқымды қашарлар – 1500 бас,
- Қызыл ангуст тұқымды қашарлар – 500 бас,
- Қызыл ангуст тұқымды бұқалар – 20 бас,
- Герефорд тұқымды бұқалар – 20 бас,
- Қара ангуст тұқымды бұқалар – 10 бас..

Алдағы уақытта шаруашылық қолда бар табындардың есебінен ІҚМ ет бағытындағы өнімділігін арттыруды жоспарлап отыр.

Компания қызметінің бағыттарын кеңейту мақсатында 2018 жылғы тамызда шаруашылықта сүт-тауар фермасының құрылысы басталды. 2018 жылдың қарашасынан бастап 2023 жылға дейін Еуропа елдерінен жоғары өнімді Голштин тұқымды қашарлар әкелініп, олар жергілікті климатқа сәтті бейімделді. Қазіргі уақытта «Dinara-Ranch» агрофирмасы ЖШС ірі өңдеу кәсіпорындарына сүт өткізуде.

«Dinara-Ranch» агрофирмасы ЖШС облыстық және республикалық деңгейдегі барлық мал шаруашылығы көрмелеріне қатысып, өз жануарларын көрсетіп, жоғары марапаттарға ие болып келеді. 2025 жылы компания өңірдегі ет бағытындағы ІҚМ саласын қолдау мақсатында тірі мал түрінде бұқашаларды сатуды кеңейтуді жоспарлап отыр.



Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы,  
Қасымбекова 20А көшесі  
+7 (727) 394-31-70  
dinara-ranch@mail.ru



# «ИНТЕР АГРО» ЖШС



**Утесинов Казбек Адайбекович**  
«Интер-Агро» ЖШС-нің директоры

## Шаруашылықтың орналасқан жері

Ақтөбе облысы, Карғалы ауданы, Петропавловка ауылы, Ю.Гагарина көшесі, 1Д үйі.

## Жұмысшылар туралы

46 жұмысшы

## Шаруашылықтың құрылу тарихы

"Интер-Агро" ЖШС өз қызметін 2006 жылдың қараша айынан бастап жүргізіп келеді және агроөнеркәсіп саласында сенімді әрі қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын ретінде танымал. Компанияның негізгі қызмет бағыттарына дәнді, бұршақ және майлы дақылдарды өсіру, сондай-ақ жоғары сапалы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру жатады.

2022 жылдан бастап "Интер-Агро" жаңа бағытты — ірі қара мал өсіруді қолға алып, мал шаруашылығын белсенді дамытуды бастады. Бұл қадам компанияның өндірістік әлеуетін ұлғайтуға және өзіндік жемшөп базасын нығайтуға бағытталған.

Заманауи агротехнологияларды енгізу және ресурстарды тиімді басқару арқылы компания тұрақты даму мен барлық өндіріс салаларында жоғары өнімділікке қол жеткізуге ұмтылады.

"Интер-Агро" компаниясының стратегиясында астықтың көтерме саудасы маңызды орын алады, бұл өз кезегінде өнімді тиімді өткізуге және отандық әрі шетелдік серіктестермен берік іскерлік байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда "Интер-Агро" — бұл көп салалы, нарықта орнықты орны бар және болашақта қарқынды дамуды мақсат тұтқан аграрлық құрылым.

## ІҚМ шыққан елі

Қазақстан

## Жер көлемі (жайылым), га

6574,60 га

## Инфрақұрылым сипаттамасы

Дәнді және бұршақ дақылдарын өсіру, оның ішінде тұқым шаруашылығы;

- майлы дақылдарды және олардың тұқымдарын өсіру;
- Ірі қара мал шаруашылығы;
- Астық тұқым және мал азығын көтерме саудалау.

Өсірілетін негізгі дақылдар:

- Бидай
- Күнбағыс
- Мақсары



## Азықтың сипаттамасы

- Ірі азықтар: төбет шөп, бидай шөбі, шалғынды шөп;
- Концентрлі жем: ұсақталған арпа, сұлы;
- Минералды қоспалар: минералды блоктар.

## Герефордтардың жалпы бас саны (жыныстық жас топтары бойынша)

2022 жылдан бастап компания ірі қара мал (ІҚМ) өсіруге маманданған мал шаруашылығы бағытын белсенді дамытып келеді. Ағымдағы күнгі жағдай бойынша жалпы мал басы 261 малды құрайды, оның ішінде:

- 98 бас сиыр
- 38 бас 2023 жылғы құнажын
- 38 бас 2023 жылғы бұқашық
- 31 бас 2024 жылғы құнажын
- 44 бас 2024 жылғы бұқашық
- 12 бас бұқа

## Неге Герефорд?

Бұл тұқым жұмсақ мінезді, жоғары ет өнімділігімен, аналық қасиеттерімен және кез келген климатқа бейімділігімен ерекшеленеді. Жемшөпті тиімді пайдаланып, тез салмақ қосады. Жоғары сойыс шығымымен танымал. Қазақстанда кеңінен өсіріліп, ет экспортын дамытудың негізгі тіректерінің бірі саналады.

## Болашаққа жоспар

Алдағы уақытта Герефорд тұқымды ірі қара мал басының бір бөлігін бірінші санатқа сәйкестігін анықтау үшін ДНҚ-тестілеуден өткізу жоспарлануда. Бұл шара жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын растауға арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері алынғаннан кейін 3–4 айдың ішінде малдың бір бөлігі сатылымға ұсынылады. Компания сапалы асыл тұқымдық малға қызығушылық білдіретін шаруашылықтар тарапынан жоғары сұраныс болады деп үміттенеді.

Телефон: +7 771 187 0117,  
Электрондық пошта: zheltauagro@mail.ru,  
Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Карғалы ауданы,  
Петропавловка ауылы, Ю.Гагарина көшесі, 1Д үйі.



**COWMAS - бұл агротехникалық компания, мал шаруашылығын дәл басқаратын (precision livestock farming) кешенді шешімдерді ұсынатын ұйым.**


Біз ферма басқару ісінде IT технологияларды қолдана отырып, мал өнімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға, сондай-ақ операциялық тиімділік пен бизнестің тұрақтылығын арттыруға көмектесеміз.

## Әрбір малдың су ішуін тәулік бойы бақылау — дәл, сенімді және автоматтандырылған.


Контрольды су ішкізгіш™ — бұл поилкалардың немесе астаулардың үстіне орнатылатын құрылғы, ол малдың тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн бойы су ішкенін, тамақтануын және осы нүктеге қаншалықты жиі келгенін автоматты түрде бақылап отырады.



**Контрольды су ішкізгіш™ – Су ішу мониторингі**  
әр малдың су ішу тәртібін бақылайды.



**Контрольды су ішкізгіш™ – Келу жиілігін бақылау**  
әр малдың су ішетін орынға қаншалықты жиі келгенін қадағалайды.




## Малдарды жүріс барысында дәл санау және тану!

**Контрольды қақпа™** - бұл қақпа, қоршау немесе айдау жолдары арқылы өткенде, малдың нақты санын есептеуге және әрбір жеке малды автоматты түрде тануға арналған жүйе.

### Контрольды қақпа™

мал айдалған кезде, бүкіл табынды санауға және әрбір малды тез әрі дәл тануға мүмкіндік береді.



STARHUB  
Wageningen



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY  
RESEARCH AND  
INNOVATION SYSTEM

STARTLIFE  
AgriFoodTech Accelerator

QazInnovations

astana hub



Хабарласыңыз – біз айтып береміз, кеңес береміз, көмектесеміз! Бірге қызықты!

cowmas

cowmas.kz

cowmassensors





# ЕТ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



**Сейтмуратов Ануарбек Есмұханбетович**  
Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Қазақстанда ірі қара мал саны жыл сайын артып келеді. Статистика басқармасының деректері бойынша, 2025 жылғы 1 наурызда мал саны 8 290 700 басты құрады, оның ішінде 46,4% – халық шаруашылықтарында, 43,5% – шаруа немесе фермер қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерде, ал 10,1% – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында. Ірі қара мен құс етін өндіру және өткізу (тірі салмақта) 247,5 мың тоннаны құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсім көрсетті. Қазіргі уақытта республикада 10 мамандандырылған ет бағытындағы ірі қара тұқымы тіркеліп, өсірілуде, олардың асыл тұқымды саны шамамен 775 мың басты құрайды, бұл ет өндірісінің артуына өз үлесін қосуда. /Ұлттық статистика бюросы/

2024 жылдың 11 айында ет экспортының көлемі 73 мың тоннаны құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі 50 мың тоннамен салыстырғанда едәуір артық. Экспортқа шығарылған өнімдер ішінде сиыр еті – 2024 жылы 19,7 мың тонна (2023 жылдың 11 айында – 14,6 мың тонна). /"ҚазАқпарат" Халықаралық ақпараттық агенттігі/

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қытай, Түркия және Еуропа сияқты жаңа ірі нарықтарға ет экспортын кеңейтуді жоспарлап отырғанын хабарлады, бұл қазақстандық өндірушілер үшін қосымша мүмкіндіктер ашады.

Мемлекет саясаты ішкі нарықты және мал шаруашылығы өнімдері экспорты, атап айтқанда, ірі қара малды тірідей және ет түрінде қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте шағын және орта фермерлік шаруашылықтарды, бордақылау алаңдарын және ет өндеу кәсіпорындарын дамыту мен қолдау өзекті болып отыр.

Осыған байланысты, азық-түлік қауіпсіздігі мен адам денсаулығы мәселелері ерекше маңызға ие. Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл ғылыми деректерге негізделген пән, үдеріс немесе әрекет, тағам өнімдерінде адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін заттардың болуын болдырмауға бағытталған. Сиыр етінің қауіпсіздігі адам денсаулығына тікелей әсер етеді.

Тағам өнімдерінің сапасы – бұл өнімнің тағайындалуына сәйкес белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға жарамдылығын айқындайтын қасиеттер жиынтығы. Әрбір тағам өніміне тән қасиеттер оның сапа көрсеткіштері болып табылады.

Ет сапасының негізгі көрсеткіштерін қысқаша қарастырайық: Еттің түсі, дәмі, иісі, жұмсақтығы мен шырындылығы – бұл органолептикалық көрсеткіштер және тұтынушы үшін маңызды.

Қазіргі ғылым бұл көрсеткіштерді анықтауға, өлшеуге, жақсартуға және еттегі физиологиялық, биохимиялық үдерістермен байланыстыруға мүмкіндік берді.

## Еттің түсі

Еттің түсі — тұтынушы бағалайтын негізгі сапа көрсеткіштерінің бірі болып табылады және өнімнің тауарлық түрі туралы түсінік береді. Ет ұлпаларының түсі бояғыш заттардың химиялық құрамына байланысты ақ түстен (шошқа майы) сары, сарғыш-қоңыр, қоңыр-қызыл және қызыл түске дейін өзгереді.

Қабылданған пікір бойынша, сиыр еті ашық қызыл түсті, 1,5 жасқа дейінгі ірі қара мал еті — ақшыл қызыл, ал шошқа еті — қызыл түсті болады. Еттің түсінің қанықтығына жануардың түрі, тұқымы, жынысы, жасы және семірту тәсілі әсер етеді. Еттің түсі көбінесе оның рН көрсеткішіне байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, егер рН деңгейі 5,6 болса, еттің түсі ашық болады, ал рН 6,5 және одан жоғары болғанда ет қарайып кетеді. Бұлшықет ұлпасының қою түсі қыздыру кезінде шығындалатын шырынның аздығына байланысты, яғни мұндай еттің ылғалды байланыстыру қабілеті жоғары болады.

Әртүрлі бұлшықет ұлпаларында түс өзгерісі әртүрлі жылдамдықпен жүреді. Сиыр етінің түсінің тұрақтылығы сақтау температурасы төмен болған сайын жоғары болады. Еттің жетілу мерзімі ұзарған сайын, қапталған күйде сақтағандағы түс тұрақтылығы төмендейді. Еттің сыртқы бетінің түсі (қараюу) беткі қабаттан ылғалдың булануына және бояғыш заттардың концентрациясының артуына байланысты өзгереді.

## Еттің дәмі мен иісі

Еттің дәмі мен иісі — өнім сапасының маңызды көрсеткіштері және олар етке тән химиялық қосылыстардың құрамына байланысты. Бұл қасиеттер өнімнің коректік құндылығына және сіңімділігіне жанама түрде әсер етеді.

Еттің дәмі мен иісіне қатысты зерттеулер көп болғанымен, олардың негізгі себебі болып табылатын заттар мен механизмдер әлі толық анықталмаған. Жаңа зерттеу әдістері дәм мен иістің түзілуіне әртүрлі органикалық қосылыстар, негізінен карбонил қосылыстары, органикалық қышқылдар, аминдер, фенолдар және эфирлер қатысатынын көрсетті. Бұл заттар етте өте аз мөлшерде кездеседі.

Етте дәм мен иіс түзетін қосылыстардың жиналуына қыздыру, салқындату, тұздау секілді технологиялық факторлар әсер етеді. Жаңа сойылған еттің дәмі ерекше, сәл тәттілеу болады.

Еттің дәмі мен иісі жануардың жасына және май тінінің болуына, оның мөлшері мен таралу ерекшелігіне байланысты. Әдебиеттерде майдың дәмге әсері туралы бірыңғай пікір жоқ. Внутримышечный май (ет арасына орналасқан май) еттің дәміне әсер етеді деп саналады. Құрғақ зат құрамында 20% внутримышечный май болғанда еттің дәмдік қасиеті жоғарылайды.

Жас жануарлардың еті айқын дәм мен иіске ие емес, ал ересек жануарлардың еті көбінесе өткір иісті әрі дәмі жағымсыз болады. Бұл құбылыс еттегі миоглобиннің жоғары мөлшеріне байланысты, ол етке металл татының дәмін береді.

Сойылған жануар денесіндегі әртүрлі бұлшықеттердің дәмі мен иісі де әртүрлі, бұл бұлшықеттердің биохимиялық күйіне байланысты.





### Еттің құрылымы

Еттің құрылымдық қасиеттеріне қатысты негізгі сапа көрсеткіштері — жұмсақтығы, нәзіктігі және шырындылығы болып табылады. Қазіргі таңда тұтынушылар үшін консистенция мен нәзіктік ең маңызды көрсеткіштер болып табылады, тіпті дәм мен иіс, түстен де жоғары бағаланады.

Ет шикізатында су дисперсиялық орта релін атқарады, сондықтан оның қасиеттері су мөлшеріне және судың дисперстік жүйедегі бөлшектермен байланысу түріне байланысты. Еттің сапасы жалпы ылғалдылық деңгейімен емес, байланысқан судың мөлшерімен сипатталады. Осыған орай, еттің ылғалды байланыстыру қабілетін зерттеу — оны өңдеу мен сақтау үдерістеріндегі сапасын бағалауда маңызды бағыт болып табылады.

Жүргізілген эксперименттік зерттеулер еттің түсі мен шырындылығы арасында белгілі бір тәуелділік бар екенін көрсетті. Қою түсті ет жоғары шырындылықпен сипатталады және термиялық өңдеу кезінде шырынның жоғалтуы аз болады. Мұндай еттің pH көрсеткіші жоғары, бұл өз кезегінде ылғалды ұстап тұру қабілетінің артуына ықпал етеді.

Еттің нәзіктігі майсыз еттің көбеюімен немесе мәрмәрлігінің төмендеуімен азаяды. Мәрмәрлік 18 айға дейінгі жас малдың етіне әсер етпейді, алайда 2–7 жас аралығындағы жануарлар үшін мәрмәрлік еттің жұмсақтығын арттырады. Еттің шырындылығы бұлшықет талшықтарының ішінде, бұлшықеттер арасында және бұлшықет топтарының арасындағы май мөлшеріне байланысты. Мәрмәрсіз ет құрғақ болады; шырындылыққа еттің консистенциясы да әсер етеді.

Барлық тағамдардың ішінде ет құрылымы жағынан ең күрделі өнім болып саналады. Сойылған жануарлар денесінде 300-ден астам бұлшықет бар, олардың әрқайсысы құрамымен және құрылымымен ерекшеленеді. Күшті жұмыс істейтін бұлшықеттерде эластин көбірек, ал аз қозғалатын бұлшықеттерде — азырақ. Бір ет тушасының немесе бір бұлшықеттің өзінде де нәзіктік әртүрлі болуы мүмкін.

Еттің қаттылығы дәнекер тіннің мөлшерімен ғана емес, оның сапасымен де байланысты. Жануар жасы ұлғайған сайын еттің жұмсақтығы мен дәнекер тін мөлшері азаяды. Бұл қарама-қайшы көрінгенімен, жас жануарлардың дәнекер тінінде ретикулин көбірек, ал коллаген мен көлденең байланыстар аз болады. Сондықтан бұзау еті сиыр етіне қарағанда жұмсақ болады, дегенмен дәнекер тіні көп.

Еттің жұмсақтығын бағалауға арналған бірнеше физикалық әдістер әзірленген, олардың ішінде ең кең таралғаны — кесуге қарсылықты өлшейтін құралдар. Мысалы, Абердин-ангус тұқымында кесуге қарсылық төмен, ал Шароле тұқымында — жоғары.

Сиыр етінің сапасы бірнеше негізгі көрсеткіштермен анықталады және бұл көрсеткіштер әртүрлі ет бағытындағы ірі қара тұқымдарында әрқалай болады. Негізгі параметрлерге — мәрмәрлік немесе внутримышечный май мөлшері (жоғары, орташа, төмен), ет шығымы немесе сойыс шығымы (Шароле, Лимузин — 65–70%, бұлшықет массасының жоғары өсуі), май мөлшері (жоғары майлылық — Вагю 50%, Абердин-ангус 25–30%; орташа — Герефорд 15–20%; майы аз — Лимузин, Шароле 10–15%) жатады.

Еттің сапасын анықтайтын фактор тек тұқымның генетикалық әлеуетімен шектелмейді, сонымен қатар малды азықтандыру әдісі (дәнмен немесе шөппен), сойыс жасы және еттің жетілу технологиясы да маңызды рөл атқарады. Жетілу процесі микробиологиялық қауіптер мен химиялық ластануларды да қамтиды.



## CANADIAN WESTERN AGRIBITION КӨРМЕСІНЕ САПАР: ФЕРМЕРЛЕРМЕН БІРГЕ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРГЕ ЖЕТУ



**Нурмуханов Ганимат Хайыржанович**  
«Жібек Жолы» ШҚ басшысы

2024 жылдың күзінде ауыл шаруашылығы үшін ерекше кезең болды — «Жібек жолы» шаруа қожалығы Канадада өткен мал шаруашылығы саласындағы ең ауқымды шаралардың бірі — Саскачеван провинциясының Реджайна қаласында ұйымдастырылған «Canadian Western Agribition» көрмесіне қатысу бақытына ие болдық. Бұл жай ғана іссапар емес, білімге, жаңа байланыстарға және шабытқа толы нағыз кәсіби саяхат болды.

Көрме өтетін REAL District орталығына кірген сәттен бастап-ақ біз кәсібилік пен қонақжайлықтың ерекше атмосферасын сезіндік. Шараның ауқымы таңғалдырды: мыңдаған қатысушылар, асыл тұқымды ірі қара мал, заманауи техника. Әріптестерімізбен бірге біз ет бағытындағы үздік тұқымдар — герефорд, симментал, ред ангус және басқалар ұсынылған павильондарды аралап, фермерлермен тәжірибе алмастық. Олар мал күтімі мен азықтандыру ерекшеліктері жайында сұрақтар қойып, өз шаруашылықтарына жаңа идеялар іздеді.

Біз ерекше назарды герефорд тұқымына аудардық — бұл тұқым еліміздің етті мал шаруашылығын дамыту үшін аса маңызды. Канадалық әріптестеріміз асылдандыру, генетика және табынды басқару әдістерімен қуана бөлісті.



Сапардың маңызды бөлігі — Канададағы жетекші генетикалық материал жеткізуші «BOVIGEN» компаниясымен өткен келіссөздер болды. Герефорд тұқымының ұрығы мен эмбриондарын сатып алу арқылы еліміздегі мал сапасын жақсарту мәселелері талқыланды. Келіссөздер сәтті өтіп, болашақтағы ынтымақтастық бойынша алдын ала келісімдер жасалды.

Көрмеден бөлек, біздің топ Канададағы бірнеше ірі мал фермаларын аралады. Қыс мезгілінде мал ұстау тәжірибесімен танысу — ерекше әрі пайдалы тәжірибе болды. Белгілі мал шаруашылығы маманы Родни Гилфордпен бірге азықтандыру, суықта күтім жасау, қоражай ұйымдастыру және қысқы кезеңдегі табынды басқару жүйелері егжей-тегжейлі зерттелді. Родни мен оның әріптестері нақты жұмыс істейтін тәжірибелерімен бөлісті — бұл біз үшін өте құнды болды.







Канададағы фермаларға іссапарымыз нағыз тәжіребелік мектепке айналды. Жергілікті фермерлермен сұхбаттасу барысында өзіміздің сауалдарымызға тиянақты толық жауап алып және өз шаруашылығымызда қандай технологияларды бейімдеуге болатының көзіміз жетті.

Сонымен қатар, «Canadian Western Agribition 2024» аясында өткен ауыл шаруашылығы техникасы көрмесіне де қатыстық. Мұнда фермерлік шаруашылықтарға арналған соңғы шешімдер — автоматтандырылған азықтандыру жүйелерінен бастап, заманауи техника үлгілеріне дейін ұсынылды. Жол үстінде көргенімізді талқылап, жаңа технологияларды енгізу жөнінде нақты жоспарлар құрдық.

Бүкіл топ үшін ең есте қалған әсерлі сәттердің бірі — «Maple Leaf Finals» атты родео шоуын тамашалау болды. Бұл — эмоция мен қуатқа толы, шынайы канадалық ковбой мәдениетімен алғашқы таныстығымыз болды.

Сапар барысында біз өзара ғана емес, халықаралық қатысушылармен де тығыз байланыс орнаттық. Үстел басында отырып, бірлескен жобалар, тәжіребе алмасу мен бірігіп жұмыс атқаруға ойлартуындады.

Бұл сапар біз үшін жай ғана іссапар емес, нағыз кәсіби серпіліс болды. Ол бізге алға ұмтылуға, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге шығаруға шабыт берді.

«Canadian Western Agribition» көрмесі бізге жарқын әсер ғана емес, болашаққа деген сенімділік сыйлады: алда — тек жаңа белестер күтілуде!



Телефон: +7 705 316 33 77,  
Электрондық пошта: n.aida1975@mail.ru,  
Мекен-жайы ; Батыс Қазақстан облысы  
Сырым ауданы





## ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Герефорд тұқымының Дүниежүзілік конференциясы — әр төрт жыл сайын өткізілетін беделді халықаралық іс-шара. Бұл форум герефорд тұқымын өсіретін фермерлерді, сала мамандарын және осы салаға бейіл жанашырларды әлемнің түкпір-түкпірінен біріктіреді.

Әрбір конференция — тәжірибе алмасуға, мал өсіру саласындағы жетістіктерді талқылауға, сондай-ақ герефорд тұқымының жаһандық ауыл шаруашылығындағы маңызын айқындауға арналған бірегей алаң.

**Келесі конференция – АҚШ, Канзас штаты, 2025 ж. қазан айында.**

2025 жылдың қазан айында АҚШ-тың Канзас штатындағы Манхэттен қаласында өтетін келесі конференция — герефорд малын өсірушілер мен осы тұқымға қызығушылық танытатын барша жан үшін ерекше оқиға болмақ.

Бұл — америкалық ауыл шаруашылығының тәжірибесімен танысуға, саланың болашағын айқындайтын маңызды пікірталастарға қатысуға үлкен мүмкіндік. Қысқаша бағдарлама қарама-қарсы бетте берілген. Жаңалықтарды Hereford Harpenings электрондық бюллетенінен және біздің ресми сайтымыздан бақылап отырыңыз.

### Ұлыбританиядағы Герефорд тұқымының 150 жылдығы

Ұлыбританияның Герефорд тұқымы бойынша Ірі қара мал қоғамы 2028 жылғы Дүниежүзілік конференцияны өткізетінін қуанышпен хабарлайды. Бұл конференция — 1878 жылы Патшайым Викторияның қамқорлығымен құрылған әлемдегі алғашқы ресми герефорд ассоциациясының 150 жылдығына арналған ерекше іс-шара.

Конференция 2028 жылдың маусым-шілде айларында өтеді және герефорд тұқымының бай мұрасын, халықаралық қоғамдастықтағы орнын, сонымен қатар ғылым мен инновацияға негізделген келешек тұрақты өндіріс үлгілерін көрсетуге бағытталады.

### WHC ҰЛЫБРИТАНИЯ — 2028

2028 жылы герефорд тұқымының Дүниежүзілік конференциясының Ұлыбританияда өтуі — ерекше мәнге ие оқиға. Бұл тарихи іс-шара елдегі герефорд тұқымының 150 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр.

Конференция тек герефорд өсірушілерге ғана емес, бүкіл ауыл шаруашылығы қауымдастығына арналған мерекелік және мазмұнды жиын болмақ.

Ұлыбритания — герефорд тұқымының отаны. Бұл конференцияда ел үздік мал өсіру тәжірибесін, генетикадағы жетістіктерін, жануарлар әл-ауқатына бағытталған тәсілдерін және тұрақты ет өндірісіндегі көшбасшылығын паш етпек.

Делегаттар елдің түкпір-түкпіріндегі герефорд шаруашылықтарын аралап, кәсіби семинарларға, салтанатты кешкі астарға және жастарға арналған байқауларға қатыса алады.

### WHC 2028 ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ Мэттью Ролласон — Төраға

Майк Шоу  
Бен Льюис

Эмма Эдвардс  
Марк Робертс

Джеймс Ладгейт  
Дэвид Макин





**KANSAS CITY, USA**

**OCTOBER 22-26, 2025**



Герефорд тұқымының Республикалық палатасы  
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40-үй, "7-ші Континент" бизнес орталығы, 1205-кеңсе.  
Тел.: +7 771 532 22 00, +7 717 227 9996  
e-mail: [info@hereford.kz](mailto:info@hereford.kz)



# МАЛДЫ БЕКІТЕТІН СТАНОКТАР СТАНКИ ДЛЯ ФИКСАЦИИ СКОТА

Малдың мойны мен  
денесі бекітіледі.  
Басы қосымша түрде  
шынжырмен бекітіледі.

Фиксируется шея и  
туловище скота.  
Дополнительная фиксация  
головы цепью.



990 000 теңге  
Субсидия-30%  
Кредит-кредиттік  
серіктестіктер (КТ) және АНК

+7 705 564 7005  
+7 777 693 1850

**MetalAgro компаниясы, Қарағанды қаласы**

- Ірі қара мал мен жылқыларға арналған бекіткіш станоктар
- Сиыр саууға арналған станоктар
- Жеңіл тіркеме шассиіндегі вагоншалар

Мекенжайы: **Қарағанды қ., Майқұдық, Бирузов көшесі, 11-үй (бұрынғы шұлық-тоқыма фабрикасының аумағында)**

MetalAgro компаниясының мал бекіткіш станоктары 2015 жылдан бері Қазақстанда, Ресейде және Беларусьта 400-ден астам ет бағытындағы мал шаруашылықтарында, сүт фермаларында, бордақылау алаңдарында, ветеринарлық станцияларда, ет комбинаттарында, ҚР Қарулы күштерінде, сондай-ақ Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндіру ғылыми-зерттеу институтында, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-да сәтті қолданылып келеді.

Ауқымды қашықтықтарға бөлінген құрылымдары бар ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бірнеше станоктан (2-ден 4-ке дейін) пайдаланылады.

MetalAgro компаниясының мал бекіткіш станоктарының сенімділігі мен сапасының дәлелі – көптеген сатып алушылардың біздің өнімді басқа шаруашылықтарда іс жүзінде көріп, өздері сатып алу туралы шешім қабылдауы. Әдетте, бұл асыл тұқымды мал өсіру және сату саласында жұмыс істейтін шаруашылықтар.



# «AGROFEST BATYS 2024» АГРОФЕСТИВАЛІ

2024 жылғы 26–28 шілде аралығында Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Сулыкөл ауылында «Agrofest Batys 2024» агрофестивалі өтті. Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған бұл фестиваль ауыл шаруашылығын дамытуға зор мүмкіндіктер ұсына отырып, бір алаңда аграрлық сала мамандарын, техника өндірушілерін, заманауи агротехнологияларды әзірлеушілер мен мал шаруашылығы өкілдерін біріктіреді. Фестивальді ұйымдастырушы – «БатысАгроСервис» ЖШС.



Көрме қазақстандық және шетелдік агробизнес өкілдері арасында жоғары сұранысқа ие. Ол саладағы озық шешімдерді көрсетуге, тәжірибе алмасуға және отандық пен шетелдік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің арасындағы іскерлік байланыстарды дамытуға арналған тиімді платформа болып табылады. Батыс Қазақстан облысы – Герефорд тұқымды ірі қара мал өсірушілер орталығы ретінде елдегі ет өндірісінің дамуына қосқан үлесін айқындайды.

Агрофестиваль бағдарламасы мазмұнды әрі ауқымды болды. Оған келесі мамандандырылған секциялар енгізілді: «Жаңа дақылдардың экономикасы мен технологиясы», «Тұқым бойынша үздік бұқа» байқауы, «Дала сынақтарының демонстрациясы» және тағы басқалар.

Герефорд және қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малдары арасында өткен байқау ерекше қызығушылық тудырды. Көрмеге шаруа қожалықтары белсенді қатысты. Олардың атынан келесі бұқалар ұсынылды:

- «Болашақ» ШҚ – бұқалар «Слон» және «Фортуна»,
- «Ерсұлтан» ШҚ – бұқа «Челка»,
- «Мұса» ШҚ – бұқа «Дескаро».

Герефорд тұқымы бойынша ұсынылған бұқалардың ішінде бірінші және екінші орынды «Болашақ» ШҚ бұқалары иеленді, ал үшінші және төртінші орындарды «Ерсұлтан» және «Мұса» шаруа қожалықтарының бұқалары өзара бөлісті.

Байқау үшін арнайы шақырылған әлемдік деңгейдегі төреші – Герефорд тұқымы бойынша Дүниежүзілік кеңестің Бас хатшысы мырза Ларри Финни төрелік етті. Жеңімпаздар Герефорд тұқымы палатасы атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мұндай іс-шараның өткізілуі – болашақта бұл өңірде жыл сайынғы дәстүрге айналуы әбден мүмкін.

Көрмеге қатысқан Палата мүшелеріне алғысымызды білдіреміз!



**HEREFORD**  
QAZAQSTAN

**Жубатырова Шынар**  
Герефорд тұқымының  
Республикалық  
палатасының менеджері







# «АКСЕЛЕУ» ЖШС: АДАМ МЕН БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ШАРУАШЫЛЫҚ



**Малаев Серик Татыбаевич**  
«Акселеу» ЖШС директоры



«Акселеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі қызмет бағыттары – дәнді, бұршақ және майлы дақылдарды өндіру мен өткізу, сондай-ақ мал шаруашылығын дамыту. Қазіргі заманғы агротехнологияларды енгізу – кәсіпорын дамуының басты бағыты: топырақты өңдеуді мейлінше азайту, құнарлылықты арттыратын ауыспалы егіс жүйесін қолдану, элиталық тұқымдар мен зиянкестер мен ауруларға қарсы кешенді күрес әдістерін пайдалану. Шаруашылықта жақын және алыс шетелден әкелінген жоғары өнімді техника белсенді қолданылады, топырақты өңдеуге арналған заманауи агрегаттар сатып алынуда.

Өнімділікті арттыру мақсатында сұйық және түйіршіктелген тыңайтқыштар қолданылады, жапырақ арқылы қоректендіру жүргізіледі. Осы мақсатта сұйық тыңайтқыштар (КАС) дайындайтын заманауи кешен салынды. Агротехнологияларды енгізу дәнді дақылдар өндірісінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы қарсаңында, 2015 жылғы 29 тамызда қуаттылығы 5000 тонна болатын «РЕТКУС» (Германия) өндірісінің дәнді дақылдарды тазалау және кептіру пункті бар «Астық сақтау қоймасы» заманауи мини-элеваторы іске қосылды — бұл да кәсіпорынның қарқынды дамуының бір дәлелі.

2012 жылы Тюмен облысынан (Ресей) «Акселеу» ЖШС-не асыл тұқымды Герефорд ірі қара мал – 185 бас әкелінді. Бүгінде бұл — заманауи инфрақұрылымы бар толыққанды мал шаруашылығы кешені: ангарлар, бұзау қоралары, 70 басқа арналған төлдеу бөлімшесі, Miraco 33354SE (11 дана) жылыту жүйесімен жабдықталған суарғыштар, 650 басқа арналған 10 қора, 711 га жазғы жайылым, пішен қорасы, санитарлық өткізу пункті, қоймалар, 400 тоннаға арналған астық сақтайтын ангар. TGSWP\_1.5K күн энергиясымен жұмыс істейтін су көтергіш құрылғы және толық электр қоршау (1200 га, периметрі – 22 000 м) бар. Кешеннің жалпы аумағы – 100 000 шаршы метр.



Герефордтардың жалпы саны – 673 бас, соның ішінде:

- аналық мал – 342 бас;
- асыл тұқымды бұқалар – 22 бас;
- 2024 жылғы тайынша – 63 бас;
- 2024 жылғы бұқашықтар – 33 бас;
- 2025 жылғы тайынша – 103 бас;
- 2025 жылғы бұқашықтар – 110 бас.

Герефорд тұқымын таңдауға олардың бейімделгіштігі, қарапайым күтімді қажет етуі және салмақ қосу көрсеткіштерінің жоғары болуы себеп болды.

Мал шаруашылығы бағытының жұмысы мынадай мамандармен қамтамасыз етілген:

- бөлімше басшысы — Гришина О.В.,
- ветеринар дәрігер — Үскен М.С.,
- бригадир — Сапарбеков С.У.,
- 4 малшы,
- 2 механизатор.

«Акселеу» ЖШС-інде нан және нан өнімдерінің кең ассортиментін шығаратын наубайхана бар, қызметкерлерге арналған төмендетілген бағамен тамақтанатын асхана жұмыс істейді. Салауатты өмір салтын қолдау мақсатында заманауи монша, еркін күрес секциясы мен денсаулық топтары жұмыс істейтін фитнес-зал ашылған. Балалар 1 миллион теңгеден асатын күреске арналған боз кілемімен жабдықталыңды. Жас балуандар аудандық және облыстық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр. Үстел теннисі мен түрлі жаттығу құралдары да қолжетімді.

2018 жылы биожанармаймен жұмыс істейтін орталық қазандық іске қосылып, өндірістік нысандар мен тұрғын үйлерге орталық жылыту трассасы тартылды. Қазіргі таңда 52% үй орталық жылытуға қосылған. Барлық үйлерге су тартылып, нәтижесінде 67% үйде сантехника орнатылған.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында серіктестік тұрмыстық мәселелерді де өз мойнына алған: қыста шөп, сабан, көмір, отын жеткізіледі, тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Жоспарлы түрде көгалдандыру, гүлзарлар отырғызу, демалыс саябағын ашу, жаяу жүргіншілер жолдарын брусчаткамен төсеу, балалар ойын алаңын орнату сынды абаттандыру жұмыстары атқарылуда, болашақта субұрқақ салу жоспарда бар.

Серіктестік қызметкерлеріне неке қиғанда, зейнетке шыққанда, сондай-ақ жерлеу рәсімдерінде материалдық көмек көрсетіледі. Бала дүниеге келгенде бір реттік 40 000 теңге, ал бір жыл бойы ай сайын 10 000 теңге көлемінде жәрдемақы төленеді.





Балаларға деген қамқорлық ерекше. Қиын кезеңдерде мұғалімдердің ауылдан кетуін болдырмас үшін Малаев С.Т. бастама көтеріп, мұғалімдердің жалақысын екі жыл бойы ЖШС есебінен төлеген. Осылайша мектеп пен оқушылар контингентін сақтап қалған. Жылу, тамақ, спорттық құрал-жабдықтар, көлікпен қамтамасыз етіп отырған. 2004 жылы мектепке алғашқы еврожөндеу жасалып, еденге тақташа төселіп, аула брусчаткамен қапталған. Қазіргі таңда да мектепті жөндеуге және жабдықтауға жыл сайын 1 миллион теңгеге дейін қаржы бөлінеді. Мектепке металдан жасалған сәнді қоршау орнатылып, мектеп жанынан жылыжай салынған. 2020 жылы мемлекеттік бюджет есебінен ғимараттың күрделі жөндеуі жүргізілді, оның жобалық-сметалық құжаттамасы (құны 4 150 000 теңге) серіктестік есебінен қаржыландырылды.

Мектеп оқушылары ТОО есебінен тегін тамақпен қамтамасыз етілген, үздік оқушыларға жыл сайын шәкіртақы тағайындалады, бірінші сынып оқушылары мен түлектерге ақшалай сыйлықтар беріледі, мұражайлар мен тарихи орындарға саяхаттар ұйымдастырылады.

«Акселеу» ЖШС медициналық пункт, «Қазпошта» бөлімшесі, байланыс бөлімшесі, ауыл кітапханасы және мектептің жұмыс істеуіне демеушілік жасап, қажетті жағдай жасайды.

Шаруашылық 2013 жылдан бастап Герефорд палатасының мүшесі болып табылады. Палатаға мүше болған кездегі мал саны – 180 бас болса, бүгінде ол 673 басқа жетті.



Телефон: +7 775 903 4123,  
Электрондық пошта: [nurlan\\_malaev@mail.ru](mailto:nurlan_malaev@mail.ru) ,  
Мекен-жайы : Ковыльное ауылы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Солтүстік Қазақстан облысы



# ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ





2025 жылғы 1 қаңтар мен 1 мамыр аралығында Қазақстан Республикасы областар бойынша Герефорд тұқымды ІҚМ-ның тіркелген бастарының саны және берілген асыл тұқымдық куәліктердің саны бойынша мәлімет

|    | Облыс           | Барлығы бастың саны | Тіркелген бастың саны |          |             |             | Барлығы бастың саны | Берілген асыл тұқымдық куәліктер саны |             |
|----|-----------------|---------------------|-----------------------|----------|-------------|-------------|---------------------|---------------------------------------|-------------|
|    |                 |                     | Бұқа                  | Сиыр     | Бұқашық     | Қашар       |                     | Бұқа/Бұқашық                          | Сиыр/Қашар  |
| 1  | Ақмола          | 311                 | 1                     | 1        | 0           | 0           | 308                 | 266                                   | 42          |
| 2  | Ақтөбе          | 223                 | 0                     | 0        | 17          | 206         | 445                 | 35                                    | 410         |
| 3  | Алматы          | 1372                | 0                     | 0        | 316         | 1056        | 2743                | 569                                   | 2174        |
| 4  | ШҚО             | 8                   | 2                     | 0        | 8           | 0           | 19                  | 19                                    | 0           |
| 5  | БҚО             | 1963                | 0                     | 0        | 761         | 1202        | 1180                | 436                                   | 744         |
| 6  | Қарағанды       | 178                 | 0                     | 0        | 83          | 95          | 104                 | 54                                    | 50          |
| 7  | Қостанай        | 315                 | 0                     | 0        | 65          | 250         | 306                 | 68                                    | 238         |
| 8  | Қызылорда       | 120                 | 0                     | 0        | 10          | 110         | 126                 | 16                                    | 110         |
| 9  | Абай            | 473                 | 1                     | 0        | 80          | 392         | 311                 | 68                                    | 243         |
| 10 | Жетісу          | 129                 | 0                     | 0        | 67          | 62          | 50                  | 14                                    | 36          |
| 11 | Ұлытау          | 118                 | 0                     | 0        | 74          | 44          | 93                  | 51                                    | 42          |
| 12 | Павлодар        | 511                 | 0                     | 0        | 130         | 381         | 178                 | 47                                    | 131         |
| 13 | СҚО             | 90                  | 8                     | 0        | 81          | 9           | 254                 | 114                                   | 140         |
|    | <b>Барлығы:</b> | <b>5811</b>         | <b>1</b>              | <b>1</b> | <b>1701</b> | <b>4109</b> | <b>6117</b>         | <b>1757</b>                           | <b>4360</b> |





шаруа қожалықтар орналасқан жер  
- палата мүшелері



2012 жылдан 01.05.2025 жылғы жағдай бойынша ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫ БОЙЫНША  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАДА ТІРКЕЛГЕН АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ БАСЫНЫҢ САНЫ МЕН БЕРІЛГЕН  
АСЫЛ ТҰҚЫМДЫҚ КУӘЛІКТЕР БОЙЫНША ГРАФИК



# «АРХАРЛЫ-МАЙБУЙРЕК» ЖШС



**Шиырбаев Нұржан Ардақұлы**  
«Архарлы-Майбуйрек» ЖШС басшысы

## Шаруашылықтың орналасқан жері:

Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Қабанбай ауылы, Қонаев көшесі 4.

## Жұмысшылар саны:

16 адам жұмыспен қамтылған.

## Жұмысшылар туралы:

Өнімділікті арттыру мақсатында АҚШ пен Украинадан жоғары білікті мамандар (ветеринар дәрігерлер мен зоотехниктер) шақырылды.

## Шаруашылықтың құрылу тарихы

Мал шаруашылығы саласындағы жұмыс тәжірибесі 17 жылды құрайды. Осы уақыт ішінде заманауи ауыл шаруашылығы кәсіпорнын құру және басқару бойынша терең білім мен практикалық дағдылар жинақталды.

«Архарлы-Майбуйрек» ЖШС қызметі аясында заманауи технологиялар қолданылған репродуктор салынды. Оған электр қоршау жүйелері, күн энергиясымен жұмыс істейтін тереңдетілген су сорғылары, жануарлардың денсаулығына жоғары деңгейде бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған ветеринариялық пункттер кіреді.

Мал шаруашылығы базалары, малмен қауіпсіз жұмыс істеуге арналған гидравликалық бекіткіші бар арнайы құрылғы (раскол), қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер мен қоймалар салынды. Сонымен қатар электрмен және сумен жабдықтау жүйелері жүргізілді.

Толыққанды мал азығы базасы құрылды: жайылымдық алқаптар игерілді, суару арналары салынды, жыл сайын көпжылдық шөптер мен мал азықтық дақылдар егіледі. Бұл малдың тұрақты әрі сапалы азықтандырылуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорын жұмысы тұрақты даму, өндірістік тиімділікті арттыру, жануарлардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, заманауи технологияларды енгізу және ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтау бағытында жүргізілуде. Ірі қара малдың генетикасын жақсарту, процестерді автоматтандыру және кадрлық әлеуетті дамыту бойынша белсенді жұмыстар атқарылуда. Кәсіпорын ауыл шаруашылығы саласында үнемі даму мен озық шешімдерді енгізуге ұмтылады.

## ІҚМ шыққан елі:

Австралия

## Жер көлемі (жайылым), га:

51 000 га.



## Инфрақұрылым сипаттамасы:

Аралас ауыл шаруашылығымен айналысады.

## Азықтың сипаттамасы:

Силос, пішен, сенаж, арпа, күнбағыс шроты, тұз.

## Герефордтардың жалпы бас саны:

426 бас



## Неге Герефорд?

Герефорд тұқымды ірі қара төзімді, ұзақ айдауларды жақсы көтереді. Мал жақсы семіреді және жайылымда салмақ қосады, жоғары сапалы мәрмәр ет береді. Ет шығымы 58–62 %, кей жағдайларда 70 %-ға дейін жетеді.



## Болашаққа жоспар:

Шаруашылықты дамытып, болашақта өнімді сатудан табыс табу көзделіп отыр.

Телефон: +7 778 222 2232,

Электрондық пошта: arkharly.maybuyrek.07@mail.ru,  
Мекен-жайы ; Жетісу облысы, Алакөл ауданы,  
Қабанбай ауылы





Жуланова Маржан  
Алтынбековна

CRi Kazakhstan — Genex және Impuls компанияларының  
Қазақстандағы ресми дистрибьюторы.

01

#### Генетикалық материал

Біз табынды селекциялаудың  
заманауи әдістерін қолдана  
отырып, жоғары сапалы ірі  
қара малдың генетикалық  
материалын ұсынамыз.

02

#### Фермаларды қолдау

Біз фермаларға жан-жақты  
техникалық және ақпараттық  
қолдау көрсетеміз.

03

#### Дистрибьюторлық орталық

Асыл тұқымдық мал шаруашылығы  
субъектілерінің мемлекеттік тізілімінде  
тіркеле отырып, асыл тұқымдық  
материалды сақтау және өткізу  
бойынша қызметтерді жүзеге асырады.

Біз келесі бағыттар бойынша қызмет атқарамыз:



Жетекші өндіруші бұқалардың  
ұрығын сату



Protocolo Soft табынды  
басқару бағдарламасы



Континентал БиоТех  
компаниясының сүт-тауар  
фермаларын цифрландыру



Nedap CowControl  
респандер жүйелері



**HIGH TIME** 00HP00858 - 729032  
SEMIER HIGH TIME H85 44289905 | DOB 05/28/2020

| PEDIGREE       |           | BULL INFORMATION        |     |
|----------------|-----------|-------------------------|-----|
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Genex (Imp)             | 10  |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | 201 Day Weight (kg)     | 740 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Yearling Weight (kg)    | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00858 | Calving Interval (days) | 340 |



**MILESTONE** 00HP00859 - 729032  
TH MILESTONE 138J 44240931 | DOB 05/11/2021

| PEDIGREE       |           | BULL INFORMATION        |     |
|----------------|-----------|-------------------------|-----|
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Genex (Imp)             | 10  |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | 201 Day Weight (kg)     | 740 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Yearling Weight (kg)    | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |
| ADAM'S CAPTAIN | 00HP00859 | Calving Interval (days) | 340 |



Біздің серіктесіміз болыңыз –  
ірі қара мал генетикасын  
бірге дамытайық.



Астана қ., Ақбиік 3



+7(708) 488 89-99 | +7(702) 240 53-04



Cri-kazakhstan.kz



crikazakhstan@mail.ru





# «001SUD» ЖШС



**Төлеу Ержан Төлеуұлы**  
Басқарушы

## Шаруашылықтың орналасқан жері

Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Канонерка ауылы.

## Жұмысшылар туралы

Фермада 3 жұмысшы еңбек етеді.

## Шаруашылықтың құрылу тарихы

2020 жылы нөлден бастап, жылқы және ірі қара мал өсірумен айналысатын ЖШС құрылды. Қызмет аясында 60 бас бұзау сатып алынды, ал 2021 жылы қосымша 30 бас Герефорд тұқымды тайынша алынды. Шаруашылық — отбасылық, онда барлық отбасы мүшелері еңбек етеді.

## ІҚМ шыққан елі:

Қазақстан

## Азықтың сипаттамасы

Шаруашылықтың азықтық базасы жыл бойы малға теңгерімді қорек беруді қамтамасыз ететін түрлі әрі құнарлы жем-шөптерден тұрады. Негізгі бөлігін жаз мезгілінде дайындалған шөп (пішен) құрайды. Күзде қосымша дәнді дақылдар, әсіресе арпа және бұршақ тұқымдастардың ішінде жүгері сатып алынады.

Қыс мезгілінде малды азықтандыру тұрақты түрде пішен, жарылған арпа мен жүгеріні пайдалану арқылы жүргізіледі. Бұл тәсіл суық кезеңде жануарлардың денсаулығы мен өнімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Мұндай азықтандыру жүйесі рационның жоғары қоректік құндылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, малдың күйлілігі мен төзімділігін сақтауға да ықпал етеді.

## Инфрақұрылым сипаттамасы

ЖШС құрылған сәттен бастап бүкіл инфрақұрылым нөлден бастап салынды: барлық қажетті жаңа ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды, ірі қара мен жылқыларды бекітуге арналған кәсіби станок алынды, сондай-ақ Tru-Test компаниясының XRS2i қол сканері сатып алынды. Бұл жабдықтар жануарлармен жұмыс істеу тиімділігі мен қауіпсіздігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді.

Қосымша ретінде мал ұстауға арналған заманауи қора-жайлар салынды, қызметкерлер үшін қолайлы жағдайлар жасалды, жануарларды есепке алу мен бақылауға арналған цифрлық шешімдер енгізілді. Барлық осы шаралар шаруашылықтың өнімділігін, жайлылығын және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

## Герефордтардың жалпы бас саны (жыныстық жас топтары бойынша)

97 бас аналық мал, 4 бас асыл тұқымды бұқа, 2025 жылғы 63 бас төл.

## Неге Герефорд?

Біріншіден, бұл тұқымның басты артықшылығы — «мәрмәрлі» еттің жоғары сапасы және орта есеппен 60–65% болатын, кей жағдайларда 70%-ға дейін жететін сойыс шығымы.

Екіншіден, бұл тұқымдағы мал өте момын мінезді, сондықтан фермерлерге оларды бағып-күту оңай.

Үшіншіден, герефордтардың көбею қабілеті жоғары (яғни, ұрпағына өз гендерін жақсы бере алады). Сонымен қатар, сиырларда аналық инстинкт жақсы дамыған, бұл бұзауларды күту процесін айтарлықтай жеңілдетеді.

Төртіншіден, герефорд тұқымы кез келген табиғи жағдай мен климатқа, сондай-ақ ұстау жүйелерінің кез келген түріне жақсы бейімделеді. Бұл малдар Англияға қарағанда ыстық климатқа да, суық ауа райына да тез бейімделіп кетеді. Ұзақ қашықтықтарға айдауды оңай көтеріп, жайылымда ұзақ уақыт бойы жүре алады.

## Болашаққа жоспар

Санға емес, сапаға жұмыс істеу — басты мақсат. Жақсы генетиканы әкеліп, жоғары өнімді Герефорд тұқымды ірі қара мал өсіру.





## ЕТ ТУРЫ АҚШ-ҚА "RODEO USA BEEF 2025"

2025 жылғы 4–15 наурыз аралығында «001SUD» ЖШС өкілдері «Ет туры, АҚШ РODEОсы» атты халықаралық кәсіби бағдарлама аясында Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапарымен барды. Бұл бағдарламаға Орталық Азия елдерінен – Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген фермерлер мен агросала мамандары қатысты. Сапар ауыл шаруашылығы саласындағы заманауи технологиялар мен әлемдік тәжірибемен тікелей танысуға зор мүмкіндік сыйлады.

Сапар барысында делегация АҚШ-тың ауыл шаруашылығы жақсы дамыған Техас және Монтана штаттарында болды. Бұл өңірлер мал шаруашылығы мен фермерлік мәдениеті арқылы әлемге танымал.

Бірінші болып біз Vytelle компаниясының зертханасына бардық. Бұл компания ірі қара малдың биотехнологиялық көбеюімен айналысады. Ранчода жұмыртқа жасушаларын алу процесі егжей-тегжейлі көрсетіліп, әр кезеңі түсіндірілді. Бұл — жоғары өнімді малдан алынған биоматериалды басқа аналықтарға көшіру арқылы тұқымды жылдам әрі сапалы жаңартуға мүмкіндік беретін заманауи әдіс. Мұндай технологиялар Қазақстандағы селекциялық жұмыстарға тың серпін беруі мүмкін.



Келесі маңызды шара — Хьюстон қаласындағы ірі қара мал көрмесі болды. Мұндағы ауқым, ұйымдастыру деңгейі, қатысушы фермерлердің кәсібилігі және жануарларға деген ерекше көзқарас бізді тәнті етті. Көрмеде әртүрлі ұй жануарлары ұсынылып, әр тұқымның ерекшелігі мен артықшылықтары жан-жақты таныстырылды. Америкалық фермерлердің тәжірибесі мен кәсіби мәдениеті біз үшін үлкен сабақ болды.

Халықаралық Business Expo HLSR көрмесі аясында АҚШ-тың агробизнес өкілдерімен кездесіп, іскерлік байланыстар орнаттық. Мал экспорты, генетика, агротехнология, техника мен құрал-жабдықтар салаларында тәжірибе алмасу, серіктестік мүмкіндіктері жөнінде келіссөздер өтті. Әсіресе АҚШ-тың тірі мал экспорттаушылар қауымдастығымен кездесу — болашақ жобаларға берік негіз қалайды.

Монтана штатындағы Holden Herefords ранчосында болу ерекше әсер қалдырды. Бұл ферма — герефорд тұқымын өсірумен айналысатын АҚШ-тағы ең көне шаруашылықтардың бірі. Бүгінде бұл кәсіп алтыншы ұрпақтың қолында. Біз фермада тірі мал аукционына қатысып, элиталық тұқым өкілдерін тамашаладық. Бұл тәжірибе отбасылық ферманың тұрақтылығы мен ұзақмерзімділігінің нақты үлгісі ретінде есте қалды.

Сонымен қатар Seiben Ranch шаруашылығында қысқы жайылымды тиімді ұйымдастыру жолдарымен таныстық. Монтананың табиғи-климаттық жағдайы Қазақстанға ұқсас болғандықтан, бұл тәжірибе біз үшін аса құнды. Мал табиғи жайылымда бағылады, ал қыста — алдын ала дайындалған көпжылдық шөп егілген алқаптарға көшіріледі. Электропастух сияқты жаңа технологиялар жұмыс тиімділігін арттырып отыр.

Сапардың әр күні — жаңа білім, жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндік. Көргеніміз бен түйгеніміз — еліміздің мал шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге көмектесетін нақты қадамдардың негізі.

Осындай ауқымды және мазмұнды турды ұйымдастырған барлық тараптарға алғысымыз шексіз! Бұл сапар — тек кәсіби дамудың ғана емес, сондай-ақ шабыт пен мотивацияның, жаңа мүмкіндіктерге деген сенімнің бастауы болды.

АҚШ-тың фермерлік дәстүрі, өндірісті ұйымдастыру әдістері бізге көп нәрсе үйретті. Қазіргі таңда бұл тәжірибені өз шаруашылығымызға енгізіп, тиімділікті арттыру бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде.

Бұл сапар — біз үшін жаңа кезеңнің бастауы. Алдағы уақытта алған білім мен тәжірибені жергілікті жағдайға бейімдеп, отандық ауыл шаруашылығының дамуына сүбелі үлес қоса бермекпіз.



Телефон: +7 776 222 28 22,  
Электрондық пошта: [toleul@mail.ru](mailto:toleul@mail.ru),  
Мекен-жайы: Абай облысы, Бесқарағай ауданы,  
Канонерка ауылы



# АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ БҰҚАШЫҚТАРДЫ ӨЗ ӨНІМДІЛІГІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ (СЫНАУ)



**Бисембаев А.Т.**

"Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту үздіксіз жүріп жатыр, сонымен қатар малдың асыл тұқымдық құндылығын бағалау әдістері де жетіліп келеді. Бұл ең алдымен мал шаруашылығында зерттеу жүргізуге арналған жаңа технологиялардың, соның ішінде компьютерлік жүйелердің кеңінен енгізілуіне байланысты. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шаруашылықтарына сүтті және етті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды тұқымдары көптеп әкелінуде. Бұл жағдай, тек малдың шыққан еліндегі ұстау және өсіру технологияларын емес, сонымен қатар бағалау жүйесін де тереңірек зерттеуді талап етеді.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, селекция арқылы жануарлардың өнімділігін арттыру мынадай үлестерге тәуелді: 50% — бұқаның өзін іріктеуге, 1/3 — бұқаның анасынан берілетін қасиеттерге, 1/5 — сиырлардың әкесіне, және тек 7% — сиырлардың енесінен берілетін қасиеттерге байланысты. Демек, малдың өнімділік қасиеттерін жақсартудың негізгі көзі — өндіруші бұқаларды мақсатты түрде іріктеу [1].

Жануарлардың өсу процесінде ұша құрамында елеулі өзгерістер байқалады. Туу кезеңінен кейін қаңқаның өсуі басқа тіндермен салыстырғанда баяу жүреді, әрі жасына қарай қаңқаның жалпы салмақтағы үлесі төмендейді. Ал бұлшық ет тіні әлдеқайда жылдам қарқынмен өседі.

Бұлшық еттің ең жоғары өсу қарқыны 4 айдан бастап 12–15 айға дейінгі кезеңде байқалады [2].

Етті мал шаруашылығында ақпан–сәуір айларындағы маусымдық бұзаулау мен қазан–қараша айларында аналықтан бөліп алуды ұйымдастыру — бұқашықтардың жыныс жағынан ерте жетілуіне және келесі жылы 13–15 айында қашарларды ұрықтандыруға мүмкіндік береді. Бұл табынды тиімді түрде жаңартуға жағдай жасайды [3].

Асыл тұқымдық құндылықты бағалаудың негізгі әдістерінің бірі — жануарларды өз өнімділігі бойынша сынау. Бұл тәсіл етті ірі қара малға да тиімді қолданылады. Қазақстанға әкелінген асыл тұқымды малдың саны ұрпақ алу есебінен жыл сайын артып келеді. Бұл жағдай фермерлер мен селекционерлерді бұрынғы бағалау әдістері мен жаңа, экспорттаушы елдерде қолданылатын әдістер арасында таңдау жасауға мәжбүр етуде.

Импорттың жағымды жағы — аналық бастар санының артуы отандық жас малға деген тапшылықты азайтып, ішкі нарықтағы бәсекелестікті арттырды және сатылымға шығарылатын мал сапасын жақсартты.



Отандық селекционерлер де дамыған елдерде қолданылатын бағалау жүйелерін үйреніп, нарықта тиімді бәсекелесуге тырысуда.

Сынау мерзіміне келер болсақ, Канадада қолданылатын әдістеме бойынша бұқаларды 8 айдан 12 айға дейін өз өнімділігіне сынау қарастырылады. Бұл — Қазақстанда 2022 жылға дейін қолданылған (8 айдан 15 немесе 18 айға дейін) Кеңес Одағы кезіндегі әдістемемен салыстырғанда қысқа мерзім.

Сынау мерзімінің қысқаруы шаруашылық экономикасына оң әсер етеді: өсіру шығындары азаяды, ал бұқаларды 12 айында-ақ асыл тұқымдық мақсатта сату мүмкіндігі пайда болады. Бұрын сынау 15 немесе 18 айға дейін жалғасатын.

2022 жылдан бастап Қазақстанда қолданылып келе жатқан жаңа әдістеме бойынша бұқаларды өз өнімділігіне сынау мына бес негізгі көрсеткіш бойынша жүргізіледі:

1.Тірі салмақтың өсу қарқыны (8–12 ай аралығындағы орташа тәуліктік өсім және 12 айлық салмақ);

2.Азықты пайдалану тиімділігі (1 кг өсімге кеткен азықшығыны);

3.Тірі салмақтағы ет сапасы;

4.Жаңадан алынған шәуеттің сапасы және ұрықтандыру қабілеті;

5.Ен шеңберінің өлшемі.

Етті мал шаруашылығындағы табынды қалпына келтірудің негізгі шарты — әр сиырдан жыл сайын бұзау алу. Бұл етті мал шаруашылығындағы басты өнім және саланың табыстылығын анықтайтын фактор.

Қайта өндіру деңгейі — табындағы сиырлар санына шаққандағы өміршең бұзаулардың шығу көрсеткіші — аналық бастың тиімді пайдаланылуына тәуелді.

Бұқаларды 8–12 ай аралығында өз өнімділігіне сынау арқылы, мамыр–тамыз айларындағы ұрықтандыру маусымында жоғары тәуліктік өсімге, элита-класс салмаққа және сапалы шәуетке ие бұқаларды аналық табынға пайдалануға болады. Бұл — табынның генетикалық сапасын жақсартудың нақты жолы.

#### Әдебиеттер

1. Гонтюров В.А., Макаев Ш.А., Шараха С.А. Казахский белоголовый скот на востоке Оренбургской области // Вестник мясного скотоводства. 2008. Вып. 61 (Т II). С. 50-52.
2. Шляхтунов В.И. Скотоводство и технология производства молока и говядины. 2008. С. 61.
3. Зеленков П.И. Типизация калмыцкого скота и эффективность его селекции // Селекционно-технологические основы повышения продуктивности животных / Сб. науч. тр. / РАСХН, НПО «Дон». п. Рассвет, 1991. С. 41-45.





**АСЫЛ КОКШЕ  
ЗООВЕТСНАБ**

**ЖАНУАРЛАРДЫҢ САУЛЫҒЫ –  
ветеринарияда дұрыс шешім қабылдауда**



## БІЗДІҢ АССОРТИМЕНТІМІЗ



Вакциналар



Антипаразитарлық  
дәрілер



Антибактериалды  
препараттар



Витаминдер мен  
минералдар



Иммуномодуляторлар



Гормоналды  
препараттар



Маститке қарсы және  
гинекологиялық препараттар



Дезинфекциялық  
құралдар



Ас қорыту органдарын алдын-алу  
және емдеуге арналған құралдар

### Неліктен бізді таңдайды

- Сенімді және сапалы ветеринарлық препараттардың ауқымды ассортименті
- Ауруларды емдеу мен профилактикаға жұмсалатын шығындарды оңтайландыру
- Ветеринариялық мамандар тегін консультация және де препараттарды қолдану жолдарын көрсетеді
- Қазақстан бойынша тегін жеткізу
- Жеке менеджер 24/7 байланыста

Бізбен хабарласыңыз,  
және біз сіздің фермаңызға ең тиімді шешімді таңдауға көмектесеміз

Компания: ЖШС «Асыл Көкше Зооветснаб»  
Сату бөлімі телефоны: +8 (716) 278-17-69

E-mail: [guldi@mail.ru](mailto:guldi@mail.ru)  
Веб-сайт: [asyl-zoo.kz](http://asyl-zoo.kz)



# ӘЛЕМДЕГІ ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫ

## Әлемдік Герефорд тұқымының Кеңесі (World Hereford Council)

Бас хатшы: Ларри Фини (Larry Feeney) Эл. пошта: worldherefordcouncil@gmail.com

### Мүше елдер:

#### Америкалық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Атқарушы вице-президент: Джек Ворд (Jack Ward)  
Мекенжай: Box 014059, 1501 Wyandotte, Канзас-Сити, Миссури, 64108-1222, АҚШ  
Тел.: 1-816-842-3757  
Факс: 1-816-842-6931  
Веб-сайт: [www.hereford.org](http://www.hereford.org)  
Эл. пошта: [aha@hereford.org](mailto:aha@hereford.org)

#### Аргентиналық Герефорд тұқымының өсірушілері қауымдастығы

Бас директор: Хуан Мануэль Алоэ (Juan Manuel Aloe)  
Мекенжай: Manuel Obarrio 2948, C1425CQB, Буэнос-Айрес, Аргентина  
Тел/Факс: 54-11-4802-1019  
Эл. пошта: [into@hereford.org.ar](mailto:into@hereford.org.ar)  
Веб-сайт: [www.hereford.org.ar](http://www.hereford.org.ar)

#### Австралиялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Бас директор: Аластар Джеймс (Alastair James)  
Мекенжай: Locked Bag 7, Armidale NSW 2350, 16 Uralla Road, Armidale NSW 2350, Австралия  
Тел.: 02 6772 1399  
Мобильді: 0447 949 650  
Факс: 02 6772 1615  
Веб-сайт: [www.herefordsaustralia.com.au](http://www.herefordsaustralia.com.au)  
Эл. пошта: [ajames@herefordsaustralia.com.au](mailto:ajames@herefordsaustralia.com.au)

#### Канадалық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Атқарушы директор: Майкл Латимер (Michael Latimer)  
Мекенжай: 5160 Skyline Way N.E., Калгари, Альберта, T2E 6V1, Канада  
Тел.: 1-403-275-2662  
Факс: 1-403-295-1333  
Веб-сайт: [www.hereford.ca](http://www.hereford.ca)  
Эл. пошта: [mlatimer@hereford.ca](mailto:mlatimer@hereford.ca)

#### Даниялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Төраға: В. Кристенсен (W. Kristensen)  
Тел.: 0045 40196310  
Веб-сайт: [www.hereford.dk](http://www.hereford.dk)  
Эл. пошта: [formand@hereford.dk](mailto:formand@hereford.dk)

#### Эстониялық мал өсірушілер қауымдастығы

Бас директор: Танель Булитко (Tanel Bulitko)  
Герефордтар бойынша директор: Айгар Суурмаа (Aigar Suurmaa)  
Мекенжай: 79005, Рапла уезі, Эстония  
Тел.: 372-4873-181  
Факс: 372-4890-680  
Тел. (Айгар Суурмаа): 372-742-1575  
Факс: 372-742-2879

#### Финляндиялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Төраға: Кай Пастелл (Kai Pastell)  
Мекенжай: Innilantie 113, 37500 Лемпяяла, Финляндия  
Веб-сайт: [www.hereford.fi](http://www.hereford.fi)  
Эл. пошта: [hereford@hereford.fi](mailto:hereford@hereford.fi)

#### Франциялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Президент: Паскаль Бастен (Pascal Bastien)  
Мекенжай: 10 rue de la fontaine, 57170 Баньё, Франция  
Тел.: +33 615177610  
Эл. пошта: [pascal.bastien@orange.fr](mailto:pascal.bastien@orange.fr)  
Веб-сайт: [www.hereford-france.com](http://www.hereford-france.com)

#### Германиялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Байланыс тұлғасы: Карстен Шмит (Carsten Schmit)  
Мекенжай: Neuer Kamp 38, 30900 Ведемарк, Германия  
Факс: 49-5130-925023  
Веб-сайт: [www.hereford-germany.de](http://www.hereford-germany.de)  
Эл. пошта: [info@hereford-deutschland.de](mailto:info@hereford-deutschland.de)

#### Нидерландық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Байланыс: Хенк Кёйперс (Henk Kuipers)  
Мекенжай: Horstingerend 7, 7843 TE Эрм, Нидерланды  
Тел.: 0591-564135  
Веб-сайт: [www.hereford.nl](http://www.hereford.nl)  
Эл. пошта: [henkensonjakuiers@kpnplanet.nl](mailto:henkensonjakuiers@kpnplanet.nl)

#### Венгриялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Бас директор: д-р Иштван Мартон (Dr. Istvan Marton)  
Мекенжай: H-7400 Капошвар, Денешмайор 2, Венгрия  
Тел.: 36-82-316-610  
Факс: 36-82-510-046  
Веб-сайттар: [www.mhagte.hu](http://www.mhagte.hu), [www.hereford.hu](http://www.hereford.hu)  
Эл. пошта: [hereford@t-online.hu](mailto:hereford@t-online.hu), [info@mhagte.hu](mailto:info@mhagte.hu)

#### Ирландиялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Атқарушы хатшы: Молли Кириан (Molly Kiernan)  
Мекенжай: Harbour Street, Маллинггар, Уэстмит графтығы, Ирландия  
Тел.: 353-44-48855  
Факс: 00-353-44-48949  
Веб-сайт: [www.irishhereford.com](http://www.irishhereford.com)  
Эл. пошта: [irishhereford@gmail.com](mailto:irishhereford@gmail.com)

#### Герефорд тұқымының Республикалық палатасы

Төраға: Атайбеков Бақыт Ынтықбаевич  
Директор: Идрисова Ляззат  
Мекенжай: ул. Кенесары 40, Бизнес-центр "7-й Континент", офис 1205, 12 этаж, 010000, Астана қаласы, Қазақстан  
Тел.: +7 771 532 22 00, +7 717 227 90 06, +7 771 755 55 37  
Веб-сайт: [www.hereford.kz](http://www.hereford.kz)  
Эл. пошта: [info@hereford.kz](mailto:info@hereford.kz), [ilb@hereford.kz](mailto:ilb@hereford.kz)

#### Жаңа Зеландияның Герефорд тұқымының қауымдастығы

Бас директор: Поуи Мууди (Pouy Moody)  
Мекенжай: Hereford House, Box 503, Филдинг, Жаңа Зеландия  
Тел.: +64 6323 4484  
Веб-сайт: [www.herefords.co.nz](http://www.herefords.co.nz)  
Эл. пошта: [manager@herefords.co.nz](mailto:manager@herefords.co.nz)

#### Норвегиялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Президент: Инге Г. Кристофферсен (Inge G. Kristoffersen)  
Мекенжай: Storhamargata 44, 2317 Хамар, Норвегия  
Тел.: +47 915 45 613  
Веб-сайт: [www.hereford.no](http://www.hereford.no)  
Эл. пошта: [post@hereford.no](mailto:post@hereford.no), [inge.g.k@online.no](mailto:inge.g.k@online.no)

#### Норвегиялық мал өсірушілер қауымдастығы

Директор: Халвор Нордли (Halvor Nordli)  
Мекенжай: Storhamargata 44, 2317 Хамар, Норвегия  
Тел.: +47 952 90 855  
Факс: +47 62 53 82 41  
Эл. пошта: [tyr@tyr.no](mailto:tyr@tyr.no)

#### Парагвай Герефорд тұқымының қауымдастығы

Президент: д-р Сильвия Гослинг (Silvia Gosling)  
Тіркеу бюросы: Инж. Карлос Педретти  
Мекенжай: Ruta Transchaco Km. 14½, Мариано Роке Алонсо, Асунсьон, Парагвай  
Тел.: 011 595 21 754272  
Эл. пошта: [polledhereford90@gmail.com](mailto:polledhereford90@gmail.com)

#### Оңтүстік Африка Герефорд тұқымының өсірушілер қоғамы

Байланыс: Лизель Гроблер (Liesel Grobler)  
Мекенжай: P.O. Box 20165, Willows, BFN 9320, Оңтүстік Африка  
Тел.: 051 410 0958  
Факс: 086 218 8246  
Веб-сайт: [herefords@vodamail.co.za](http://herefords@vodamail.co.za)

#### Швециялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Төрағасы: Магнус Юханссон (Magnus Johansson)  
Мекенжайы: Hollstorp Hagalund, 355 91 Векше, Швеция  
Тел.: +46 470 749 461, +46 768 303 600  
Веб-сайт: [www.hereford.nu](http://www.hereford.nu)  
Эл. пошта: [magnus.johansson@hereford.nu](mailto:magnus.johansson@hereford.nu)

#### Швейцариялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Президенті: Вальтер Фесслер (Walter Faessler)  
Ұйымы: IG Schweizer Herefordzüchter  
Мекенжайы: Bärenegg, 9633 Бехли-Хемберг, Швейцария  
Веб-сайт: [www.swisshereford.ch](http://www.swisshereford.ch)  
Эл. пошта: [barenegg.hereford@bluewin.ch](mailto:barenegg.hereford@bluewin.ch)

#### Ұлыбританиялық Герефорд тұқымының ірі қара мал қоғамы

Бас директоры  
Мекенжайы: Hereford House, 3 Offa Street, Херефорд, HR1 2LL, Ұлыбритания  
Тел.: +44 1432 272 057  
Веб-сайт: [www.herefordcattle.org](http://www.herefordcattle.org)  
Эл. пошта: [hello@herefordcattle.org](mailto:hello@herefordcattle.org)

#### Уругвай Герефорд тұқымының өсірушілер қауымдастығы

Президенті: доктор Алехандро Коста Иригойен (Alejandro Costa Irigoyen)  
Мекенжайы: Mercedes 855 Esc 605, CP 11100, Монтевидео, Уругвай  
Тел./факс: 0059 2908 7579, 2901 0437  
Веб-сайт: [www.hereford.org.uy](http://www.hereford.org.uy)  
Эл. пошта: [info@hereford.org.uy](mailto:info@hereford.org.uy)

### Мүше емес елдер:

#### Бразилиялық Герефорд тұқымының және брафорд қауымдастығы

Президенті: Лусиано Аугусто Сперотто Терра (Luciano Augusto Sperotto Terra)  
Мекенжайы: Av. General Osório 1094, Caixa Postal 483, Бажэ – РС, Бразилия  
Тел.: 55 (53) 3312 8726  
Факс: 55 (53) 3242 1332  
Веб-сайттар: [www.hereford.com.br](http://www.hereford.com.br), [www.braford.com.br](http://www.braford.com.br)  
Эл. пошта: [hereford@braford.com.br](mailto:hereford@braford.com.br)

#### Чили Герефорд тұқымының өсірушілер қауымдастығы

Президенті: Фернандо Шук Р. (Fernando Schuck R.)  
Мекенжайы: Casilla 703, Осорно, Чили  
Тел.: 56-64-234388  
Факс: 56-64-238408  
Эл. пошта: [fschuck@sumetlibre.cl](mailto:fschuck@sumetlibre.cl)

#### Чехиялық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Ұйымы: Чехия етті ірі қара мал қауымдастығы  
Бас директоры: Камил Малат (Kamil Malat)  
Мекенжайы: Tesnov 17, 110 00 Прага 1, Чехия Республикасы  
Тел.: +420 221 812 865  
Ұялы тел.: +420 724 007 860  
Эл. пошта: [info@cschms.cz](mailto:info@cschms.cz)

#### Хоккайдо етті ірі қара мал клубы (Жапония)

Байланыс тұлғасы: Юдзи Икэда (Yuji Ikeda)  
Мекенжайы: Shintoku Animal Husbandry Experiment Station, Tokiwa 5-46, Shintoku-cho, Хоккайдо, T088 2313, Жапония  
Тел.: 1566-4-5321  
Факс: 1566-4-6151

#### Мексикалық Герефорд тұқымының қауымдастығы

Президенті: Октавио Бермудес (Octavio Bermudez)  
Мекенжайы: Bosque de Yuriria 2701-2, Fracc. Sicomoros, Чичуауа, 31260, Мексика  
Тел.: 52-410-7493

#### Польшалық ірі қара өсірушілер мен ет өндірушілер қауымдастығы

Мекенжайы: ul. Rakowiecka 32, 02-532 Варшава, Польша  
Салық нөмірі (NIP): 527-20-04-291  
Тел.: (+48 22) 849-19-10  
Факс: (+48 22) 849-32-32  
Веб-сайт: [www.bydlo.com.pl](http://www.bydlo.com.pl)  
Эл. пошта: [bydlo@bydlo.com.pl](mailto:bydlo@bydlo.com.pl)

#### Замбиялық асыл тұқымды мал тіркеу қоғамы – герефорд бөлімі

Бас директоры: Джоан Холмс (Joan Holmes)  
Мекенжайы: P.O. Box 50146, Лусака 15101, Замбия  
Тел./факс: 260-1-251149

#### Зимбабве Герефорд тұқымының қауымдастығы

Төрағасы: Фил Роджерс (Phil Rogers)  
Мекенжайы: P.O. Box FM80, Фамона, Булавайо, Зимбабве  
Тел.: 263-09-229-588  
Факс: 263-09-74839  
Эл. пошта: [herefordzw@hotmail.com](mailto:herefordzw@hotmail.com)



# БРУЦЕЛЛЕЗ – ҚАЗАҚСТАНДА ҮНЕМІ ТАЛҚЫЛАНАТЫН АУРУ



**Курманов Б.А.**

ветеринария ғылымдарының докторы

Республикада жануарлар арасында бруцеллез кеңінен таралған. Бұл туралы әр жерде жазылып, айтылатынына қарамастан, жағдай жақсармай отыр. Соңғы жылдары адамдар мен жануарлар арасында бруцеллездің жаңа жағдайлары туралы ақпарат тұрақты түрде жарияланып, майдан жаңалықтары секілді жүйелі сипатқа ие болды.

Бруцеллез анықталу көрсеткішінің артуы көбінесе дер кезінде диагностиканың нәтижесі емес, инфекцияның кеңінен таралғанының көрінісі ретінде қарастырылуы керек.

**Бруцеллездің таралуына ықпал ететін негізгі факторлар:**

**1. Ветеринариялық нормативтік-құқықтық базаның әлсіздігі.**

– «Ветеринария туралы» Заңға және оған сүйенетін нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізу қажет. Қазіргі уақытта ветеринарияда біртұтас басқару жүйесі жоқ: әр қызмет дербес жұмыс істейді, басқаруда ұйқастық болмаса, іс-шаралардың үйлестірілуі төмен деңгейде.

**2. Ветеринариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырудың кемшіліктері.**

– ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің (ВКҚК) орталық аппараты мен аймақтық бөлімшелері инфекциялық, инвазиялық және бейинфекциялық аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау және іске асыру функцияларын қайта қолға алуы тиіс. Қазіргі таңда көктемгі және күзгі профилактикалық іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ шет елдерден әкелінетін өнімді малдарға қатысты профилактикалық және диагностикалық сызбаларды облыстық ветеринариялық басқармалар мен ветеринариялық станциялар әзірлейді. Алайда өңірлерде бруцеллездің алдын алу жоспары мүлде жоқ. Ауру анықталғаннан кейін ғана шектеу және сауықтыру шаралары қолға алынады. Осындай жағдайда көршілес аумақтардағы сезімтал жануарлардың қаншауында инфекция бар екені белгісіз күйде қалады.

**3. Қолданыстағы стратегияның ескіргендігі.**

– Қазіргі қолданыстағы «Бруцеллезбен күрес ережелері» бастапқыда дұрыс әзірленбеген және өндірісте жұмыс істейтін ветеринариялық мамандардың нақты жағдайы мен пікірін ескермейді. Стратегия эпизоотиялық жағдайды нақты көзге алмастан қабылданған. Мысалы, нормативтік құжаттарға сәйкес, жас малдар 12 айлық жаста ғана тексеріледі — бұл Еуропа елдеріне тән жүйе, онда бруцеллез көп жылдан бері кездеспейді. Ал Қазақстанда бруцеллез кең таралған, және көптеген бұзаулар ауру аналарынан жұққан күйінде туады. Бұндай жануарлар инфекцияның қолданыстағы көзін қалыптастырады.





#### 4. Эпизоотиялық бірлікті дұрыс есептеу мәселесі.

– Қазақстанда эпизоотиялық бірлік (ЭБ) «бір үй-жай, бір көше» деп есептеледі және шектеу сол жерге ғана қойылады. Бірақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) сарапшылары пікірінше, ЭБ — инфекция тіркелген ауыл немесе елді мекен. Егер бір кешенде бірнеше мал қорасы болса, және олар бір техника мен бір жұмысшылар арқылы пайдаланыла берсе, не ауылда тек бір үйге шектеу қойылып, көршілес ауылдар «сау» саналып қалса, инфекцияны жою мүмкін болмайды.

#### 5. Штрафтар мен өтемақы саясатының кемшіліктері.

– Бруцеллезге оң нәтиже берген жануарларды сойғанда өтемақы тек клиникалық белгілері байқалған жағдайда ғана төленеді. Ал жаңадан диагностикаланған жануарларда мұндай айқын белгілер болмауы мүмкін. Көп жағдайда буын қабынуы секілді белгілер бордақыланған ірі қарада ғана байқалады, сондықтан ауруды уақытында анықтау қиындайды.

#### 6. Қайта тексеру тәртібінің ұтымсыздығы.

– Кейде күмәнді нәтиже көрсеткен жануарларды бірнеше рет қайта тексеру әдетке айналған. Мұндай жануарларды күмәнді ұстағанша, бірден оқшаулап, диагнозы расталған жағдайда талқандау керек. Әйтпесе олар науқас көзге айналып, ауру таралу қаупін арттырады.


#### Стратегия мен нормативтік-құқықтық актілерді жетілдірудің нақты мысалдары:

· Көршілес Ресейде жаңа ошақтар анықталған кезде «Бруцеллезбен күрес ережелері» қайта қаралып, толықтырылып, белгілі мерзімге ұсынылып, бруцеллезбен күрес үздіксіз жүргізілді. Еуропа елдері инфекцияның көзін және таралу жолдарын анықтап, оларды жоюға бағытталған шараларды уақытылы қолданды. Олар жануарлардың физиологиясын, өңірлік эпизоотиялық жағдайды ескеріп, нормативтік-құқықтық актілерді жедел өзгертіп отырды. Соның нәтижесінде бруцеллезді жоюға қол жеткізді.

· Қазақстанда әлі күнге дейін бруцеллездің алдын алу бойынша ғылыми негізделген және шаруашылықта пысықталған нақты сызбалар жоқ. Қазіргі кезде профилактика сызбалары кеңестік кезеңнен қалған немесе кейбір биопрепарат өндірушілердің ұсыныстарына негізделген. Оның салдарынан әр шаруашылық алдын алу шараларын өздігінше анықтап, бұл бруцеллездің туындау қаупін күшейтеді.

#### Қорытынды:

Бұл мақалада Қазақстандағы бруцеллезге қарсы бағдарламаның негізгі кемшіліктері мен шешу жолдары туралы өзекті мәселелер қарастырылды. Ветеринариялық нысандарды жаңғырту, мамандарды көлікпен қамтамасыз ету, жалақы төлеу — маңызды факторлар. Дегенмен ең бірінші кезекте бруцеллездің пайда болуына және таралуына ықпал ететін факторларды жедел жою қажет. Бұған қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу не болмаса жаңа құжаттарды әзірлеу арқылы қол жеткізуге болады.





# Bovigen

**YOUR CHOICE** FOR ADVANCED BOVINE GENETIC SERVICES

EXPORT AND DOMESTIC SEMEN PRODUCTION III EXPORT AND DOMESTIC IVF & CONVENTIONAL EMBRYO PRODUCTION

**Bovigen Genetic Services** — репродуктивтік биотехнологиялар саласындағы жетекші компания. Ол бұқа шәуеті мен эмбриондарын өндіру және тасымалдауға маманданған. Канададағы ең үздік генетикалық қорлардың біріне қол жеткізе отырып, Bovigen канадалық генетикалық материалды 13 елге сәтті экспорттап, жоғары сапасы мен сенімділігі арқылы халықаралық деңгейде беделге ие болды.

Компания шәуетті криоконсервациялау және эмбриондарды тасымалдаудың заманауи технологияларын белсенді енгізіп келеді. Бұл асыл тұқымды бағдарламаларды жедел дамытуға, мал басының генетикалық әлеуетін арттыруға және жануарлардың өнімділігін едәуір жоғарылатуға мүмкіндік береді.

**Bovigen** жетекші фермерлермен және асыл тұқымды шаруашылықтармен тығыз әріптестік орнатып, клиенттерге жоғары өнімділігі ғылыми дәлелденген генетикалық желілерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары деңгейі мен әр серіктеске бағытталған дара көзқарасының арқасында компания әлемдік мал шаруашылығының дамуына зор үлес қосып келеді.



Байланыс ақпараты:

[www.bovigen.ca](http://www.bovigen.ca)

[tyson@bovigen.net](mailto:tyson@bovigen.net)

+1(306) 339 7673

Жұмыс нөмірі: 3066903243



HEREFORD POLLED

**HAROLDSONS MEMPHIS 4J 6L**

C03108540 | AFSY 6L | 26/01/23 | 355HP00012



| BW | 205 W | 365 W | SC | CE   | BW  | WW    | YW    | MCE | Milk  |
|----|-------|-------|----|------|-----|-------|-------|-----|-------|
| 84 | XX    | XX    | 61 | +0.4 | +27 | +55.2 | +91.1 | +21 | +27.9 |

A promising young bull that has sure to be an elite herd sire. He is an out-cross pedigree that works in most programs. His soft overall look with excellent hair and presence has us excited for his future progeny. Look for Memphis to calve easy, built them right and be marketable.

**Bovigen**

Tyson Buyer DVM, B.Sc | (306) 339-7673 | NW 14-17-27 W2 Moose Jaw, SK | [tyson@bovigen.net](mailto:tyson@bovigen.net)



## ШӨППЕН ҚОРЕКТЕНГЕН СИЫР ЕТІ: ДӘСТҮРЛІ ӘДІСПЕН ӨСІРІЛГЕН СИЫР ЕТІ МЕН ШӨППЕН ҚОРЕКТЕНГЕН СИЫР ЕТІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ТҮСІНУ



### Пит Бауман

Оңтүстік Дакота мемлекеттік университетінің табиғи ресурстар және жабайы табиғат жөніндегі кеңесшісі, SDSU Extension

Қоспа автор: доктор Аллен Уильямс, Grass Fed Insights, LLC

### Шөппен қоректенген сиыр етін дәстүрлі өсірілген еттен не ажыратады?

Бұл — ең жиі қойылатын әрі ең күрделі сұрақтардың бірі. Дәстүрлі және шөппен қоректенген сиыр етінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсінуге тырысқан әрбір адам осы сауалға тап болады. Бұл тақырыпта жиі қолданылатын екі ұқсас, бірақ маңызды термин бар: шөппен қоректену (grass-fed) және шөппен семіру (grass-finished). Бұл ұғымдар бір-біріне ұқсас болғанымен, әрқайсысының өз мағынасы бар және әртүрліше түсіндірілуі мүмкін. Біз бұл мақалалар сериясында осы ұғымдарды кеңінен талқылаймыз.

Сондай-ақ, шөппен қоректендіру мен семіру әдістері тек сиыр еті өндірісінде ғана емес, сонымен қатар шошқа, құс, бизон, қой және басқа да үй жануарларын өсіруде де кеңінен қолданыла бастады. Бұл әдістер жиі рекультивациялық және органикалық ауыл шаруашылығы қағидаттарымен үндес келеді.

Бұл мақалалар сериясында біз шөппен қоректендіру жүйесін негізінен сиыр еті өндірісі аясында қарастырамыз.

### Дәстүрлі өсірілген сиыр еті

Алдымен, «дәстүрлі өсірілген сиыр еті» деген ұғымның нақты, бірізді анықтамасы жоқ екенін ескеруіміз қажет. Бұл сала үнемі дамып отырады, сондықтан оның нақты шектері белгіленбеген.

Жалпы, дәстүрлі өндіріс деп ет өндірісінің басым бөлігін құрайтын жүйені айтамыз. Онда сиырлар мен бұзаулар бастапқыда жайылымда бағылады, ал одан кейін бұқалар дәнді дақылдар мен құрама жемдер арқылы семіріледі. Сонымен қатар, стокер-бұқалар деп аталатын жылқымүйізділер де бар — олар 1 жас шамасында ірі жем-шөппен семіріліп, жайылымға жіберіледі, ал 18 айға жеткен соң бордақылау алаңдарына қойылады.

Қазіргі дәстүрлі сиыр етін өндіру жүйесі XX ғасырдың 1950 жылдарынан бастап, мал бордақылау процесінің жайылымнан бордақылау алаңдарына ауысуымен қалыптасты. Бұл жүйеде бұқалар әдетте 545–680 кг салмаққа дейін 18–20 ай жасында сойылады, ал тәуліктік салмақ қосуы орта есеппен 1,1–1,8 кг болады.

Соңғы онжылдықтарда бұл жүйе өнеркәсіптік бордақылау кешендеріне (CAFO) — бір мезетте бірнеше мыңнан ондаған мың басқа дейін ірі қараны ұстайтын алаңдарға айналды.

### Шөппен қоректендіру және семірту

Ресми анықтамалар болмаса да, сала мамандарының басым бөлігі шөппен қоректендіру дегеніміз — жануардың өмір бойы астықсыз, негізінен немесе толықтай өсімдік тектес азықтармен, жайылымда еркін жайылып қоректенуі деп есептейді.

Көптеген сарапшылар үшін «шөппен қоректену» түсінігіне сонымен бірге шөппен толық семірту де кіреді. Бұл дегеніміз — мал қажетті салмаққа және ет сапасына (мысалы, USDA-ның prime, choice, select класына) тек өсімдік тектес азықпен, астық қоспай қол жеткізеді.

Мұндай жүйеде мал 455–545 кг салмаққа жетіп, 24–28 ай жасында сойылады. Тәуліктік салмақ қосуы — орта есеппен 0,7–1,1 кг.

АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің (USDA) стандартына сәйкес, мал «шөппен қоректенген» деп саналуы үшін, оның рационндағы шөптің үлесі кемінде 50% болуы қажет. Алайда, бұл көрсеткіш әртүрлі тәсілдермен орындалуы мүмкін және көбіне шынайы шөппен семірту қағидаттарына сәйкес келмейді.

Мысалдар:

- Бұзау 15 айға дейін жайылымда өсіріліп, кейін 6 ай бойы астықпен бордақыланса — ол техникалық жағынан «шөппен қоректенген», бірақ шөппен семірілген болып саналмайды.
- Бұзау алдымен дән және жүгері сүрлемімен қоректеніп, кейін бірнеше ай жайылымда бағылады — шөппен семірілген болып есептелуі мүмкін.
- Жануарлар бордақылау алаңында тұрып, тек шөппен азықтандырылса — бұл сырттай дәстүрлі бордақылауға ұқсайды.

Бұл сценарийлердің ешқайсысы шынайы шөппен семірту ұстанымдарына сай келмейді.

Bonterra Partners есебі бордақылау жүйелерін 4 санатқа бөледі:

1. Дәстүрлі (бордақылау алаңында, астықпен),
2. Жайылым + астықпен бордақылау,
3. Шөппен бордақылау алаңында (астықсыз),
4. Толық шөптік (жайылымда, астықсыз).

Тіпті осы санаттардың ішінде де ерекшеліктер болады. Көптеген фермалар бұл үлгілерге толықтай сай келмейді.

### Тұтынушылардың күтілімдері мен шөптік өндіріс философиясы

Шөппен қоректенген сиыр еті өндірісі, ең алдымен, тұтынушы сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Бұл жүйе балама ет өнімі ретінде ұсынылады және тұтынушылардың нақты күтулеріне сәйкес жүргізіледі.

Мұндай етті таңдаған тұтынушыларды көбіне тек ет сапасы ғана емес, келесідей экологиялық және этикалық мәселелер де қызықтырады:

- адамның денсаулығы,
- жануарлар әл-ауқаты,
- қоршаған ортаның сақталуы,
- биологиялық әртүрлілік,
- топырақ денсаулығы,
- климат,
- тағам сапасы.

Бұл аудитория шөппен қоректенген етті — өздерінің өмірлік қағидаттарына сай өнім деп қабылдайды.

Сонымен қатар, бұл ұғымға жиі келесі сипаттамалар да қосылады:

- табиғи өнім,
- вегетариандық азықтандыру,
- гормондарсыз және антибиотиктерсіз өсіру.

Көп жағдайда бұл күтулер негізделгенімен, бәрі бірдей емес. Алайда тұтынушының қабылдауы мен сенімі — ет өндірісі үшін аса маңызды. Көптеген сатып алушылар егер шөппен қоректенген балама болмаса, астықпен бордақыланған етті сатып алмас еді, яғни бұл — ет саласының осы тұтынушылар тобын жоғалтуына әкеп соғар еді.



# ПАЛАТЫНЫҢ МАРКЕТИНГТІК ӨНІМДЕРІ





# JARVIS®

**Мал союға арналған  
жабдық**  
(Сыр, Жылқы, Түйе)

**JARVIS**

**JARVIS KAZAKHSTAN | ДЖАРВИС КАЗАХСТАН**  
KAZAKHSTAN, AQMOLINSKAYA OBLAST,  
CITY: ASTANA, St. KENESARY 40,  
Business Center 7<sup>th</sup> Continent, 12<sup>th</sup> Floor, 1216  
Cell: +7 747 8596 707  
E-mail: [sales@jarvisproducts.kz](mailto:sales@jarvisproducts.kz)  
[www.jarvisproducts.kz](http://www.jarvisproducts.kz)

**Атаулар**

**Үлгі**

**Техникалық сипаттамалары**

**Құрылғы**



**USSS-2A**

Жұмыс қысымы (макс.) 11-15,5 бар  
Ауа ағыны (бір кезеңлік үшін) 41 л  
Саньрау ұшының диаметрі 35 мм  
Қотмен басқару Қайталанатын  
Өлшемдері (ҰхЕхБ) 483 x 140 x 381  
Салмағы 16,3 кг


**Мүйізкескіш**



**50G**

Салмағы 29,5 кг  
Жалпы ұзындығы 762 мм  
Пышақтардың ашылуы 140x152 мм  
Ауа қысымы 2,8-3,5 бар  
Басқару тоғы 12В  
Қотмен басқару Электрлік қосарланған  
4027065 күш беретін қондырғымен бекітілмейтін шүріппелер 3,75 сек  
Кесу кезеңдіктің уақыты 1,7 сек  
Кесу күші 44 кН  
Жетек Гидравлика

**Тістеуік**



**30CL**

Салмағы 17,2 кг  
Жалпы ұзындығы 813 мм  
Пышақтардың ашылуы 146 мм  
максималды қашықтығы 102 мм  
Ұштар арасындағы пышақтардың ашылуы 3,4 бар  
Ауа қысымы Өуе қосарланған  
Қотмен басқару бекітілмейтін шүріппеле  
55 кН 4 сек  
Кесу күші 55 кН

**Пышақ**



**JC3A**

Салмағы 1,3 кг  
Жалпы ұзындығы 330 мм  
Пышақтардың диаметрі 100 мм, 110 мм  
Қотмен басқару өуе жалғыз шүріппе  
Пышақтардың жылдамдығы (тербелмелі қозғалыстар) 6500-7000/мин  
Ауа ағыны (қысымы 3,1 немесе 6,2 бар кезінде) 0,34 м³/мин  
Жұмыс қысымы 3,1 бар, 6,2 бар  
Қозғалтқыш қуаты 410 Ватт  
Басқару Пневматика


**ІҚМ төс сүйегін кесуге арналған  
аралар**



**MG1E**

Қотмен басқару Электрлік шүріппе  
Кесу кезеңдігінің уақыты 3 сек  
Кенептердің мұзқын ұзындығы 241 мм, 267 мм, 292 мм  
Салмағы 20,4 кг  
Жалпы ұзындығы 787 мм  
Кесу жылдамдығы 60 Гц 330 м / мин  
Кесу жылдамдығы 50 Гц 275 м / мин  
Жетек Электрлік  
Қозғалтқыш қуаты 1400 Ватт

**Таспалы ара**



**Buster 9**

Салмағы 88,9 кг  
Жалпы ұзындығы 1448 мм  
Таспалы ұзындығы 3226 мм  
Бағыттауыштар арасындағы қашықтық 502 мм  
Басқару көрнеуі 12 В  
Қотмен басқару Электрлік жұптастырылған  
Өнімділік бекітілмейтін шүріппелер 180/сағ  
Жұмыс көрнеулері 42/400В/3Ф/50Гц  
Жетек Электрлік  
Қозғалтқыш қуаты 2500 Ватт және 3729 Ватт

JARVIS

Designed, Manufactured and Tested  
in Middleboro, Connecticut, USA





Астана қ., Кенесары 40  
«7 Континент» БО, 1205 кеңсе



+7 771 532-22 00, +7 7172 279-996



[info@hereford.kz](mailto:info@hereford.kz)



[www.hereford.kz](http://www.hereford.kz)



[hereford\\_qazaqstan](https://www.instagram.com/hereford_qazaqstan)